

## "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 3 ақпан N 125

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді, мәтіндегі "ААҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.19. N 926 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Электр энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2005 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1700 қаулысына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ұсынып отырған 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік транзитінің екінші электр жеткізу желісі құрылысының техника-экономикалық талдауы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп:

1) "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" "KEGOC" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "KEGOC" АҚ) заңнамада белгіленген тәртіппен жалпы жобалық құны 326000000 (үш жүз жиырма алты миллион) АҚШ доллары тұратын үш сымды фазасымен бірге жоғарыда аталған электр беру желісінің техника-экономикалық негіздемесін, жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу мен құрылысын салуға арналған кредиттік қаражатты қарызға алуды жүзеге асыруға рұқсат етілсін;

2) белгіленген мерзімде "KEGOC" АҚ-ның меншікті қаражатының есебінен кредиттің қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік транзитінің екінші электр жеткізу желісі құрылысының жобасын іске асыруға арналған қарыздар бойынша оның міндеттемелерді орындауы мақсатында құрылысты жалғастырудың талаптары мен мерзімдері бойынша шешім қабылдау үшін құрылыстың әрбір кезеңінен кейін "KEGOC" АҚ Солтүстік-Оңтүстік транзиті бойынша электр энергиясын жеткізу көлемінің нақты ұлғаюы туралы деректер тапсырған жағдайда, "KEGOC" АҚ-ның қызметтер көрсетуіне арналған тарифтер деңгейін өзгерту мәселесін қарасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**KEGOC Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы**

**Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік  
өткініндегі 500 кВ-тық екінші электржеткізу  
желісінің құрылысы**

**Техникалық-экономикалық талдама**

Алматы

2002

**Кіріспе**

Электр энергетикасы - Қазақстан Республикасының өнеркәсібіндегі ең ірі және капиталсыйымды салалардың бірі. Сонымен қатар электр энергетикасы экономиканың шынайы секторы мен республика халқының тіршілігін қамтамасыз етудің негізгі жүйелерінің бірі болып табылады, сөйтіп республиканың электр энергетикалық тәуелсіздігі, сала жұмысының экономикалық тиімділігі, тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен үздіксіздігі секілді маңызды басымдықтарды а й қ ы н д а й д ы .

Қалыпты жағдайлар мен төтенше мән-жайлар кезінде тұтынушыларды қол жеткізілетін ОЭР-мен, соның ішінде қолайлы сападағы электр энергиясымен кепілдемелі үздіксіз қамтамасыз ету еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін көздейді. Қазақстан Республикасы үшін энергоқауіпсіздіктің ең маңызды құрамбөлігі энергетикалық тәуелсіздік болып табылады, ол дегеніміз - сыртқы жеткізілімдер жоғалтылған не азайған кездерде өз энергоресурстарын місе тұту қабілеті.

Соңғы кезеңде Қазақстан электр энергетикасының дамуында жақын жылдары жоюға қажет бірқатар қолайсыз үрдіс пайда болды: есептік және шектік ресурсын бітірген жабдықтар санының ұлғайтылуын туындатқан негізгі өнеркәсіп-өндірістік қорлардың тозуы, бұл жабдықтарды жөндеуге кететін шығындардың едәуір артуына әкеп соғады; электр стансалардағы қондырылған қуаттардың өсу, тозған жабдықтарды бөлшектеу және электржелілік құрылыс қарқындарының төмендеуі, олар жинала келе электрмен жабдықтаудың сапасы мен сенімділігін кемітуге әкеп соқты.

Қазақстанның электр энергетикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігі мәселесін тұтастай алғанда үш негізгі: Солтүстік, Оңтүстік және Батыс аймақтарының үйлесінде қарастырған жөн, олардың өндіруші қуаттармен қамтамасыз ету бөлігінде де, сондай-ақ өтімдік қабілеті бойынша сенімді, жеткілікті электр желілерінің бар екендігімен де.

Солтүстік Қазақстан - өнеркәсіп жағынан өркендеген және бастапқы энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етілген аймақ, электр стансаларының жеткілікті мөлшеріне және дамытылған электр желісіне ие, әрі электр энергияның артылымын жүйедегі 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік біртізбектік өткіні бойынша Оңтүстік Қазақстанға және 1150-500 кВ-тық желі бойынша Ресейге жеткізуге мүмкіндігі бар.

Батыс Қазақстанда мұнай-газ игерілетін саласының қарқынды дамуы аймақта электр энергияны тұтынудың артуына әкеп соқты, бірақ та өз өндіруші қуаттарының жеткіліксіздігі мен Қазақстанның басқа аймақтарымен нашар электр байланыстары кезінде осы аймақ тапшылы болып табылады және электр энергиясын Қазақстанға іргелес Ресей облыстарынан сатып алуға мәжбүр. Сонымен бірге Батыс Қазақстан өз өндіруші қуаттарының тез өркендеуі үшін анағұрлым әлеуетке ие, бұл жақын болашақта осы аймақтың электр энергетикалық тәуелсіздігін ғана қамтамасыз етіп қоймай, электр энергиясының салмақты экспорттық әлеуетін құрады.

Оңтүстік Қазақстанның электр энергетикасы өз гидроресурстарымен, Солтүстік Қазақстаннан әкелінетін көмірмен және Өзбекстаннан жеткізілімденетін табиғи газбен дамытылды. Оңтүстік Қазақстанның барлық төрт облыстары 220-500 кВ-тық ӘЖ бойынша Солтүстік Қазақстанның облыстарымен бірге электр желісімен еліміздің Біртұтас электр энергетикалық жүйесіне біріктірілді. Әкелінетін ОЭР-на тәуелділік пен өз өндіруші қуаттарының жетіспеушілігі Оңтүстік Қазақстан аймағын энергияға зәру етті. Электр энергияның кемістігі негізінен Екібастұз бассейнінің көмірімен жұмыс істейтін Солтүстік Қазақстанның ірі МАЭС-нан 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік өткіні бойынша арзан электр энергиясын жеткізу есебінен толтырылды.

Алайда, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында электртұтыну көлемінің тұрақты өсу үрдісімен байланысты 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік біртізбектік өткінінің өткізу қабілеті толық таусылды (600 МВт) және 1100-1300 млн. кВт.сағат көлемінде, соның ішінде күзгі-қысқы мезгілде - 750-950 млн. кВт.сағат электр энергияның тапшылығы белгіленді. Жағдаят оңтүстіктегі ең ірі энергия көзі - Жамбыл МАЭС-ның толық тоқтатылуымен (2002 ж. сәуірі - 2001 ж. желтоқсаны) күрделене түсті. Электр стансаның жұмыстан шығу себебіне электр стансасының жұмыс істеуі үшін қолданылатын отынның: Өзбекстаннан жеткізілімденетін табиғи газдың (45 долл./1000 м<sup>3</sup>) және отандық мазуттың (47 долл./т) жоғары құнынан өндірілетін электр энергияның бәсекеге қабілетсіздігі жатады.

Осыған байланысты 2001 жылдың 15-желтоқсанында ҚР Үкіметінің N 1649 " Оңтүстік Қазақстан тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету

жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қаулысы қабылданды және Жамбыл МАЭС-н іске қосу әрі 2001 - 2002 жж. күзгі-қысқы мезгілінде жұмыс істету үшін мемлекеттен 200 млн. теңге мөлшерінде демеуқаржы бөлінді.

Көрсетілген мезгілде Жамбыл МАЭС 2-3 блогы табысты жұмыс істеді және 525 млн. кВт.сағат электр энергиясын өндірді, бұл тұтынушыларды электрмен жабдықтауға қолайлы әсер етті: Оңтүстік Қазақстанда электр энергияны тұтынудың өсуі ағымдағы 2002 жылдың 6 айы ішінде былтырғы жылға қарағанда 7%-ға, ал Жамбыл облысында - 15% - ға ұ л ғ а й д ы .

Алайда, аймақтағы электртұтынудың және электр жүктемелерінің өсуі күзгі-қысқы мезгілде әр жыл сайын ЖМАЭС-дағы энергоблоктар санының жұмысқа көптеп қосылуын керек етеді. Бірақта 2007-2010 жылдары жұмыста тек 3 энергоблок қана қалуы мүмкін, өйткені 1-3 блок осы уақытқа дейін өз парқтық ресурсын тауысатынын атап өткен жөн. Осыған орай, Қазақстанның оңтүстік аймағын қамтамасыз ету мәселелері тек қана Жамбыл МАЭС-ның жұмысы есебінен шешіле алмайды.

ЖМАЭС-да күзгі-қысқы мезгілде электр энергиясы өндірілуінің ұлғайтылуы отынға демеуқаржының артуын келтіртеді. Мұнда республикалық бюджеттің қайтарымсыз шығындары тек 2005 ж. дейін ғана 10 млн. АҚШ долларын құрайды. Келесі бес жылда көрсетілген сома ең кемі 1,5 есе өседі.

Сонымен, демеуқаржы қаражатының тек қана отынды сатып алуға бөлінуі еліміздің оңтүстік аймағын арзан электр энергияның жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз ету мәселелерін шешпейтінін, бірақ та республикалық бюджеттің қайтарымсыз шығындарына әкеп соғатынын атап өткен жөн.

Оңтүстік аймақтарды Солтүстік Қазақстанның ірі электр стансалары шығаратын арзан электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселесін Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі 500 кВ-тық екінші тізбек құрылысының есебінен шешуге болады. Мұнда Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік өткінінің өткізу қабілеті 1500 МВт-қа дейін артады.

## **1. Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясы мен қуаты балансының талдамасы және оның 2015 жылға дейінгі болжамы**

### **1.1. Электр энергиясы мен қуаты балансының талдамасы**

Оңтүстік Қазақстанда 1990 жылдан 1999 жылға дейін он жыл ішінде электр энергиясын тұтыну 67%-ға кеміді, электр энергиясының өндірісі 57%-ға түсіп кетті, мұнда электр энергиясының тапшылығы немесе басқа аудандардан аймаққа электр энергия жеткізіліміне тәуелділігі 10,16 млрд. кВт.сағаттан 1,79 млрд. кВт.сағатқа кеміді. Электртұтыну деңгейінің осылайша күрт түсуінің негізгі себебі іс жүзінде химия өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметінің толық тоқтатылуымен байланысты. 2000 жылдан бастап еліміз экономикалық дағдарысты басынан кешірді және өнеркәсіп өндірісінің өсу үрдісі байқалды, бұл электр энергиясын тұтынудың республика

бойынша да, аймақтарда да өсуіне әсер етпей қоймады. Оңтүстік Қазақстанда электр энергияны тұтынудың артуы 2000 ж. 7,8%-ды құрады, 2001 ж - 6,7%, 2002 ж. күтілетін өсім - 5,6%. Алайда, электртұтыну өскен кезде аймақтың электр стансаларындағы электр энергия өндірісінің кемуі жалғасуда. Оңтүстік Қазақстандағы электр энергия балансының өзгеру динамикасы 1.1.1.-диаграммада өрнектелген.

1.1.1.-диаграмма. Оңтүстік Қазақстандағы электр энергия балансының өзгеру динамикасы

(қағаз мәтіннен қараңыз).

Оңтүстік Қазақстандағы өндіруші қуаттар гидроэлектростанциялармен (525 МВт) және көмірмен әрі газомазуттық отынмен (1614 МВт) жұмыс істейтін жылу электр станцияларымен көрсетілген. Аймақтың ең ірі энергия көзі Жамбыл МАЭС (1230 МВт)

б о л ы п т а б ы л а д ы .

Аймақтың электр станцияларында электр энергиясы өндірісінің көмуі Өзбекстаннан жеткізілімденетін табиғи газдың құнының өсуінен болған газо-мазуттық ЖЭС жұмысының пайдасыздығымен және отандық мазут құнымен байланысты, олар энергетикалық рынокта өндірілетін электр энергиясының бәсекеге қабілетсіздігіне әкеп соқты. Екі өткен жыл ішінде электр энергияны тұтынудың өсуі мен өндірімінің кемуі кезінде Оңтүстік Қазақстанның зәрулігі 1,79 млрд. кВт.сағаттан 3,67 млрд. кВт.сағат (2000 ж.) - 4,53 млрд. кВт.сағатқа (2001 ж) дейін артты. Қалыптасқан жағдаят жүйедегі 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік өткінінің шектік жүктелуіне әкеп соқты, сол бойынша 600 МВт өткізу қабілетімен 2001 жыл ішінде 3,43 млрд. кВт.сағат жеткізілді. Тұтынушы үшін қолайлы бағалармен жеткізілімденетін электр энергияның жетіспеушілігі республиканың оңтүстік аймағында электртұтынудың өсуін ұстап т ұ р у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Болашақта Жамбыл МАЭС-ның энергоблоктарын жұмысқа қосу Қазақстанның электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногындағы электр энергияның бағасына (ол уақыт өткен сайын, әлбетте, көтеріледі), газо-мазуттық отынның нарықтық құнына, отын сатып алу үшін мемлекет тарапынан демеуқаржылар беру мүмкіндігіне және басқа да жәйттерге тәуелді болады.

Оңтүстік Қазақстан қуатының өткен 1990 ж. мезгілі үшін кемітілген, сонан соң өспелі тапшылығымен электр энергиясының балансына ұқсас қалыптасты. Қазақстан БЭЖ-нің қыстық максимумы өткен сағаттағы ең үлкен жүктеме 4195 МВт-тан (1990 ж.) 2056 МВт-қа дейін қуат тапшылығы 1816 МВт-тан (1990 ж.) 512 МВт-қа (1999 ж.) шейін төмендеді және 2001 ж. 963 МВт-қа дейін артты. Орталық Азиядан қуат ағыны 1735 МВт-тан 270 МВт-қа дейін кеміді, ал Солтүстік-Оңтүстік өткіні бойынша қуат ағыны 1990 ж. және 2001 ж. 81 МВт-тан 693 МВт-қа шейін ұлғайтылды (1.1.2.-диаграмма).

1.1.2-диаграмма. Оңтүстік Қазақстандағы электр қуаты балансының өзгеру динамикасы

(қағаз мәтіннен қараңыз).

## 1.2. Электр энергияны тұтыну болжамы

Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясын тұтыну болжамы (1.2.1.-кесте) облыстардың экономикасын дамытудың индикативтік жоспарларының, ҚР Экономика және сауда министрлігіндегі Экономикалық зерттеулер институты деректерінің, ҚР-ның 2001-2005 жж. әлеуметтік-экономикалық дамыту Тұжырымдамасының және қарастырылған уақыт бөлігінде (жыл, бесжылдық және т.с.с.) өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өндірісінің осы не өзге түріндегі өнімін шығаруға меншіктік электр энергиясы шығынының, қызмет көрсету аясы (сауда, коммуналдық шаруашылық және т.б.) мен тұрғындардың электр энергиясын тұтынудың нормаларының негізінде әзірленді.

1.2.1.-кесте

### Оңтүстік Қазақстанның электртұтыну құрылымы

млн. кВт.сағат

Экономика салалары	2000 ж.	2005 ж.	2010 ж.	2015 ж.
	!( е с е п б е р у ) !			
1. Өнеркәсіп	2685	4836	5722	7591
2. Ауыл шаруашылығы	139	200	272	422
3. Құрылыс	124,5	146	158	171
4. Көлік пен байланыс	588	607	629	652
5. Қызмет көрсету аясы	1432	1550	1688	1841
6. Тұрғындар	2004,5	2131	2264	2500
7. Энергетиканың өз мұқтаждары	658	840	898	898
8. Эл. энергияның желілердегі қажеттігі	1860	1939	1959	2020
	Барлық		эл. энергия	
	9491	12249	13590	16095

Өнеркәсіптегі тау-кен саласының дамуы, Амангелді газ және Құмкөл мұнай-газ кен орындарын ашу, химия кәсіпорындары қызметінің жандануы, Шымкент мұнай өңдеу заводында мұнай өңдеуді ұлғайту, машинажасау өнімін шығартуды көбейту есебінен

электр энергиясын жалпы тұтынудағы өнеркәсіп үлесі 2000 ж. 28 %-дан 2015 ж. 47 %-ға дейін ұлғаяды, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі электртұтыну үлесі 1,60-дан 2,6%-ға ұлғайтылады. Электр энергиясын тұтыну құрылымының өзгеруін (пайызбен) 1.2.1. және 1.2.2. диаграммалары бойынша қадағалауға болады.

1.2.1.-диаграмма Оңтүстік Қазақстандағы 2000 ж. электртұтыну құрылымы .

(қағаз мәтіннен қараңыз).

1.2.2.-диаграмма Оңтүстік Қазақстандағы 2015 ж. электртұтыну құрылымы .

(қағаз мәтіннен қараңыз).

Оңтүстік Қазақстандағы электр энергиясын тұтыну болжамының талдамасы облыстар бойынша құрылымда Алматы облысының үлесі оның 2000 ж. 50%-дан 2015 ж. 38%-ға дейін ары қарай кемуімен және бір мезгілде Жамбыл облысы үлесінің 2000 ж. 20%-дан 2015 ж. 31%-ға дейін ұлғаюымен басым болады. Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының үлестері барлық болжамдық мезгіл ішінде - тиісінше 8 және 22% шектерінде тұрақты болып қалады. Электр энергиясын тұтынудың ең үлкен өсімі Жамбыл облысына келеді - 2000-2015 жылдар ішінде Алматы облысындағы 29% өсімге қарағанда 166%-ды құрады, 100% - Қызылорда облысында және 66% - Оңтүстік Қазақстан облысында (1.2.2.-кесте).

## 2015 ж. дейінгі Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша энерготұтыну болжамы

млрд.кВт.сағат

	!2000 ж. (есеп !	!2005 ж.!	!2010 ж.!	!2015 ж. (беру)
Алматы облысы	4,79	5,19	5,51	6,17
Жамбыл облысы	1,87	3,54	3,95	4,97
Қызылорда облысы	0,78	0,93	1,26	1,56
Оңтүстік Қазақстан облысы	2,05	2,59	2,87	3,4
Оңтүстік Қазақстан бойынша барлығы	9,49	12,25	13,59	16,1

### 1.3. Баланс болжамы

Электр энергиясының болжамы электр энергиясын болашақта тұтыну болжамы мен аймақ электр стансалары электр энергиясының мүмкін болар өндірісіне негізделеді. Қуат балансын аймақтың ең жоғары жүктемесін, қуаттың қажетті резервін және электр

станциясының жұмыс қуатын не ең жоғары жүктемені жабуға қатысқан өндірім қуатын е с е п т е у к ұ р а й д ы .

Электр энергиясын өндірудің 2015 ж. дейін өндіріс болжамы аймақта өндіруші көздер мен оларды жүктеудің бар екендігіне негізделді. Оңтүстік Қазақстандағы өндіруші көздердің қондырылған қуаты 1761 МВт (ЖМАЭС-ның қуатын ескермегенде) кезінде иелік қуат 1199 МВт-ты құрайды, соның ішінде ГЭС - 335 МВт, ЖЭО - 864 МВт. 2001 ж. ГЭС-те 1,98 млрд. кВт.сағат, ЖЭО-да - 3,58 млрд. кВт.сағат, соның ішінде көмірмен істейтін ЖЭО-да - 2,92 млрд. кВт.сағат, газо-мазуттық отынмен істейтін ЖЭО-да - 0,66 млрд. кВт.сағат электр энергиясы өндірілді. Көмірлі ЖЭО-ды жүктеу сағат саны 4500 сағатты құрады, газо-мазуттық отынмен істейтін ЖЭО-да - 3000 сағат. Газомазуттық электр станцияларын төмен жүктеу себебіне импорттық табиғи газ бен отандық мазуттың жоғары құны жатады.

Шынайы инвесторлардың жоқтығы жақын келешекте аймақта шыңнамалық қуаттар тапшылығын азайту үшін қажетті жаңа ірі электр станцияларды, ішінара Кербұлақ пен Майнақ ГЭС-терін салу мүмкіндігін неғайбыл етеді. Ашылып жатқан Құмкөл мұнай-газ кен орнында 2005 жылы салынатын ГЖЭС (50 Жт) шынайы іске қосылатын н ы с а н б о л ы п т а б ы л а д ы .

2015 ж. мезгіліне дейінгі электр энергия мен электр қуатының болжамдық теңгерімдерін есептеу негізіне аймақтың өндіруші құрылымын электр стансалар иелері жүзеге асыратын инвестициялар есебімен жаңартудың өлшеп-пішілген әдістемесі қойылды. Аймақтағы электр станциялардың иелік қуаты 2015 ж. деңгейінде 1811 М В т - п е н б а ғ а л а н а д ы .

Келешектік баланстар Жамбыл МАЭС-ның жүктеменің жылдық максимумын жабу мен ондағы күзгі-қысқы мезгілінде электр энергия өндірісіне қатысу мүмкіндігін ескере және онысыз болжамданғанын ерекше атап өтеміз.

ЖМАЭС-ның күзгі-қысқы мезгілдегі жұмысын ескере және ескермеген кездегі қарастырылған аймақтың электр стансаларындағы электр энергия өндірісінің болжамы 3-кестеде келтірілген:

1.3.1. кесте

### Оңтүстік Қазақстанның электр стансаларындағы электр энергия өндірісінің болжамы

млрд.кВт.сағат

!2001 ж. !2005 ж.!2010 ж.!2015 ж.  
! ( е с е п б е р у )

О ң т ү с т і к

Қ а з а қ с т а н



Алматы облысы	4,51	4,5	4,5	4,5
Жамбыл облысы	0,1	0,2	0,2	0,2
Қызылорда облысы	0,11	0,45	0,45	0,45
Оңтүстік Қазақстан облысы	0,84	0,9	0,9	0,9

---

Оңтүстік Қазақстан бойынша барлығы (ЖМАЭС-н ескере)	5,6	7,75	8,35	8,35
---	-----	------	------	------

---

Оңтүстік Қазақстан бойынша барлығы (ЖМАЭС-н ескермей)	5,6	6,05	6,05	6,05
---	-----	------	------	------

---

Баланс Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясы өндірісі тұрғысынан ЖМАЭС-ның жұмысын ескере не ескермей, сондай-ақ суғару мезгілінде 2015 жылға дейін Қырғызстаннан 1 млрд. кВт.сағат көлеміндегі электр энергиясының тұрақты импортын ескере отырып жасалды. Қуат балансында ең жоғары жүктеменің 15% мөлшерінде қажетті қуат резерві көзделген. Электр энергияны тұтынудың өсімі 2000 жылы 9,49 млрд. кВт.сағаттан 2015 жылы 16,1 млрд. кВт.сағатқа дейін орташа есеппен жылына 4,6 -ға, соның ішінде - 2000-2005 жж. үшін жылына 7%, 2006-2010 жж. жылына 2,1% және 2010-2015 жж. жылына 3,8%-ға көзделді.

Жоғарыда келтірілгенді ескере отырып жасалған Оңтүстік Қазақстандағы қуат пен электр энергияның жасалған болжамдық балансы 2005-2015 жылдары электр энергияның тапшылығы былайша ұлғаятынын көрсетеді: ЖМАЭС жұмыс істеген кезде 2005 жылы 3,45 млрд. кВт.сағаттан 2015 жылы 6,75 млрд. кВт.сағатқа дейін және ЖМАЭС істемеген кезде 2005 пен 2015 жылдары тиісінше 5,15 млрд. кВт.сағаттан 9,06 млрд. кВт.сағатқа шейін қуат бойынша - тиісінше ЖМАЭС жұмыс істеген кезде 800-ден 1370 МВт-қа дейін және ЖМАЭС істемегенде - 1160-тан 1900 МВт-қа шейін.

Электр энергиясы мен қуатының айтарлықтай тапшылығының болуы 2005 жылға қарай оңтүстік аймақтарды сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шараларды қабылдауды және Республиканың энергетикалық қауіпсіздігіне туындайтын әлеуетті қаупін жоюды талап етеді. Осы міндетті шешуді мына негізде жүзеге асыру керек:

- 500 кВ Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші тізбектің құрылысы;
- Жамбыл МАЭС-ның энергоблоктарын қайта құру

ЖАЭТ энергия блоктарын жұмысқа қосудың экономикалық тиімділігін бағалау мыналарды анықтады:

- ЖМАЭС-те өзбек газын жағу кезінде (2005 жылға қарсы электр станциясының қазандықтың жанарғысында 55 \$/1000 м<sup>3</sup>) өндірілетін электр энергиясының өзіндік құны 2,6 цент/кВт.сағат (4,0 теңге/кВт.сағат) құрады;

- ЖМАЭС-те ШМӨС АҚ-дан жеткізілетін мазутты жағу кезінде (8650 теңге/тонна бағасымен), электр энергиясының өзіндік құны 2,26 цент/кВт.сағат (3,5 теңге/кВт.сағат) құрады ;

- Оңтүстік Қазақстанға Екібастұз МАЭС-тан 500 кВ Солтүстік-Оңтүстік электр жеткізу бойынша жеткізілетін электр энергиясының құны шамамен 1,3 цент/кВт.сағат құрайды .

Яғни, ЖМАЭС-да бәсекеге қабілетті электр энергиясының өндірісі үшін осы электр станциясында өндірілетін электр энергиясының бәсекеге қабілетті жеткізілімдерін қамтамасыз ету үшін ондаған миллион доллар жыл сайынғы мемлекеттік демалу қажет .

Осыған байланысты таяу болашақта тұтынушылар үшін қолайлы баға бойынша Оңтүстік Қазақстанды электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселелері өткір қойылады . Осы мәселе Солтүстік Қазақстанның ірі тозаң көмірлі электр станцияларынан Солтүстік-Оңтүстік өткіні бойынша қосымша электр энергиясын беру жолымен шешілуі мүмкін .

500 кВ Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші желі құрылысының қажеттілігі туралы айтқанда, осы желінің толық жүктемесін қамтамасыз ету үшін қарастырылған келешектегі кезеңде Солтүстік Қазақстан электр станцияларында қосымша электр энергиясын өндіру мүмкіндігін талдау қажет.

Солтүстік Қазақстан аймағында Қазақстан электр станцияларының жиынтықталып белгіленген қуатының 70 %-дан астамы шоғырландырылған - Солтүстік Қазақстан электр станцияларының қондырылған қуаты 13106 МВт құрайды, иелік қуаты - 9768 МВт (Қазақстан БЭЖ ОДБ-ның 2001 жылғы 01 қаңтардағы жай-күй бойынша деректері )

Бірақ, негізгі технологиялық жабдықтардың табиғи тозу деңгейінің жоғарылығы 2001-2015 жылдар ішінде өз ресурсын толық бітірген өндіруші қуаттардың айтарлықтай көлемінің босатылу мүмкіндігіне ықпал етеді. Көрсетілгендер анағұрлым ірі электр станцияларының энергоблоктарын қайта құру бойынша бірінші кезектегі іс-шараларды қабылдауды қажет етеді - ЕМАЭС-1 және ЕМАЭС-2 үшінші блокты енгізу. Басқаша жағдайда электр энергиясының жүктемесінің өсуі осы аймақта 2010 жылы-ақ электр энергиясының тапшылығына алып келеді. Бұл Солтүстік Қазақстан БЭЖ-де өндіруші қуаттардың босатылу жағдайының торыққан сценарийі берілген 1.3.1 . диаграммада анық көрінеді (босатылатын қуаттарды оларды жаңғырту мен қайта жаңғырту жолымен ауыстыруға іс-шаралар қолданылмай).

**Ірі МАЭС-н қайта жаңғырту жөніндегі іс-шараларды қолданбау және жұмыс ресурсын, МВт толық бітіру салдарынан олардың өндіруші қуаттарының босатылу жағдайында Солтүстік Қазақстанның өндіруші қуаттарын төмендету болжамы**

**(торыққан вариант)**

**(қағаз мәтіннен қараңыз).**

Солтүстік Қазақстан БЭЖС-нің күшті өндіруші әлеуетін сақтау үшін бірінші кезекте ірі электр станцияларының бірі - Екібастұз МАЭС-1 қалпына келтіру қажет, бұл жағдайда электр станциясының иелік қуаты 1630 МВт-дан 2005 жылы 2290 МВт-ға дейін және 2010 жылы 3100 МВт-ға шейін ұлғаюы қажет. Энергоблоктарын қалпына келтіруге арналған инвестицияларға толық қажеттілік 2001-2005 жылдар кезеңінде 120 млн АҚШ долл. құрайды (1 кВт қуат үшін меншіктік шығындар 180 АҚШ долл.), 2006-2010 жылдар кезеңінде - 160 млн. АҚШ долл. (1 кВт қуат үшін меншіктік шығындар 200 АҚШ долл.). 2005 жылдан кейін Екібастұз МАЭС-2 500 кВт үшінші блогын жұмысқа енгізу болжанылуда. (190 млн. АҚШ долл. инвестициялар).

Қарастырылған келешектегі кезеңде, сондай-ақ, Астана қ. электр және жылумен жабдықтау қажеттілігі үшін Ақмола ЖЭО-2 (115 МВт) кеңейту күтілуде, қажетті инвестициялар көлемі - 21-23 млн. долл.

Баяндалған ЕМАЭС-1 және ЕМАЭС-2 энергия блоктарын (3-ші энергия блогын қолданысқа енгізумен) қайта жаңғырту бойынша негізгі айқындамалар есебінен 2015 жылға дейінгі кезеңге Солтүстік Қазақстан БЭС-те электр энергиясын тұтыну мен өндіру қуаты балансының болжамының өлшеп-пішілген нұсқасы әзірленді. (1.3.2.-диаграмма).

**Жаңа қуаттарды қалпына келтірумен және енгізумен әрі Оңтүстікке қуатты беру есебімен Солтүстік Қазақстан электр станциялары қуатының өзгеру болжамы, МВт (қағаз мәтіннен қараңыз).**

Диаграмма Екібастұз МАЭС-1, 2 өндіруші қуаттарын қалпына келтіру талабымен, 2015 жылға дейін Солтүстік Қазақстанның тұтыну мен өндіру қуаттарының болжамдық балансының өзгеру динамикасын көрсетеді. Осы талаптарды орындаған кезде Солтүстік Қазақстан 2015 жылға дейін электр жүктемесінің айтарлықтай қарқынды өсуіне қарамастан артық энергиялы болып қалады. Осы жағдайларда Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі 500 кВ-тық ӘЖ екінші тізбегінің құрылысы Қазақстанның оңтүстік аймақтарына 1300-1400 МВт-ға дейін электр қуатын беруге мүмкіндік береді.

Осылайша, ҚР Оңтүстік аймағы экономикасының, соның ішінде электр тұтынудың 2015 ж. кезеңдерге даму болжамы көрсетілген келешекте Оңтүстік аймағының электр тұтынуының өсуін жабу ЖМАЭС-н оның энергия блоктарын және Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші электржеткізу желілерінің құрылысын қайта жаңғырту негізінде қалпына келтіруді талап етеді.

## **2. RWE Solutions компаниясы әзірлеген Солтүстік-Оңтүстік жобасының инвестиция алдындағы ТЭН-ге шолу**

Осы тарауда RWE Solutions (Германия) компаниясының Lahmeyer International-мен (Германия) және Севэапэнергосетьпроектпен (Ресей) бірге әзірлеген Солтүстік - Оңтүстік жобасының инвестиция алдындағы шолуы берілген.

### **2.1. 500-220 кВ Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігінің қолданыстағы біртiзбектi өткiнiнiң сипаттамасы**

Жүйедегі Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік өткініне 220-500 кВ-тық кернеулі электр тораптары кіреді, олар бес облыстың аумағы бойынша өтеді: Қарағанды (Солтүстік Қазақстан аймағы) және Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан (Оңтүстік Қазақстан аймағы).

220-500 кВ-тық өткінінің әрекет ететін аймағындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау жеке аймақтық электр станцияларынан өндірілетін электр энергиясын алу және ұлттық маңызы бар ірі электр станциялары: Екібастұз МАЭС-1, 2 мен Ақсу МАЭС-нан электр энергиясын жеткізу жолымен жүзеге асырылады.

500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік өткінінің негізгі міндеті - Оңтүстік Қазақстан тұтынушыларының электр энергиясына тапшылығын жабу. Жеткізу ұзақтығы 1500 км. құрайды. Республиканың оңтүстік облыстарына электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын жүйедегі 220-500 кВ-тық - Екібастұз - Нұра-Ағадыр-ОҚМАЭС-Алматы-Бішкек Жамбыл электржеткізу желілері үшін Орталық Азия мемлекеттерінің энергия жүйелерінің тұрақсыз жұмысын ескере отырып, өткізу қабілеті 600 МВт орнатылған және өткін барынша жоғары жүктеумен жұмыс істейді.

Өткізу қабілеті мен біріктірілген энергия бірлестіктерінің айналдырылмалы " массалар" қатынасы бойынша жүйедегі Солтүстік-Оңтүстік өткіні "әлсіз байланыс" болып табылады, соның салдарынан мына кемшіліктері бар:

- апаттық бейбаланс салдарынан статистикалық орнықтырудың болуы мүмкін ретсіздіктері мен Орталық Азия БЭЖ-дің энергия жүйелерінің келісім-шарттық қуат пен электр энергиясының сальдоағындарын қанағаттандырырлықсыз сақтау себептері бойынша Қазақстан БЭЖ-нің Ресей БЭЖ-мен және Орталық Азия БЭЖ-мен қосарлас жұмысының түзімі үшін өткіннің жеткіліксіз өткізу қабілеті.

- Солтүстік-Оңтүстік өткінінің оның біртiзбектi атқарылуы себебi бойынша сенiмдiлiгiнiң төмендiлiгi, осыған байланысты кез-келген 500 кВ-тық ӘЖ-нiң апаттық өшiрiлуi кезiнде немесе жөндеуге шығаруда (Л-514 А қоспағанда) Қазақстан БЭЖ-нiң солтүстік және оңтүстік бөлiктерiнiң қосарлас жұмысы және соған сәйкес оңтүстік аймаққа электр энергиясын жеткізу тоқтатылады.

- 500 кВ-тық торап реактивтік қуаты бойынша жеткілікті қарымталанған. Бірақ, 220

кВ-тық түйіскен торапта реактивтік қуаттың қарымталанбаған айтарлықтай артықтығы орын алған, бұл өткіндік ағынның кіші көлемдерінде өткіндік қосалқы станцияларда 220 және 500 кВ-тық жоғары кернеу деңгейіне және Ағадыр, ОҚМАЭС, Алматы ҚС-да өткіннің жұмысын сақтай отырып, 500 кВ-тық реакторлардың біреуін жөндеуге енгізу қ и ы н д ы ғ ы н а а л ы п к е л е д і ;

- Солтүстік-Оңтүстік өткінінің жеткіліксіз өткізу қабілеті Оңтүстік Қазақстанда өндірілетін қуаттың жеткілікті резервінің болмауынан Орталық Азия БЭЖ энергожүйелеріндегі қуат пен электр энергиясының резервін сатып алу қажеттілігіне алып келеді (Жамбыл МАЭС-дағы жағдай газ-мазуттық отынға жоғары бағаның сақталуымен ол өндіретін электр энергиясының бәсеке қабілетсіздігінен тоқталуынан қ и ы н д а й т ү с е д і ) ;

- 500 кВ-тық желілердің жоспарлы жөндеуін өткізу Солтүстік-Оңтүстік өткіні бойынша қосарлы жұмыстарды тоқтату қажеттігіне және Оңтүстік Қазақстан тұтынушыларының электр энергиясы мен қуатын Орталық Азия БЭЖ-нен сатып а л у ы н а а л ы п к е л е д і .

- тұтынушыларды өшіріп тастауға Солтүстік-Оңтүстік өткінінің апатқа қарсы автоматикасының жиі жұмысы (САОН) және 500 кВ-тық реакторды өшіру, кернеуді реттеу үшін 500 кВ-тық реакторларының жедел коммутациясы.

Республиканың оңтүстік аймақтарын қажетті арзан электр энергиясы көлемімен қамтамасыз ету және оңтүстік аймақтардың энергетикалық қауіпсіздікке жетуі мәселелері 500 кВ-тық екінші тізбекті салу жолымен 500-220 кВ-тық Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік электр жеткізуін күшейту есебінен шешілуі мүмкін.

## **2.2. Солтүстік-Оңтүстік өткінін және олардың құндық көрсеткіштерін күшейтудің техникалық шешімдері**

Инвестиция алдындағы ТЭН-ді әзірлеу кезінде Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік өткінін күшейтудің екі нұсқасы қарастырылды:

- 500 кВ-тық Екібастұз-Ағадыр-ОҚМАЭС-Жамбыл өткінінің құрылысы (Шу ҚС-ға к і р м е й т і н н ұ с қ а )

- 500 кВ-тық Екібастұз-Ағадыр-ОҚМАЭС-Жамбыл өткінінің құрылысы. Бұл жағдайда 514-ЖВЖ (Алматы-Бішкек) қиылады және Шу қосалқы станциясының (ҚС) 500 кВ-тық ОРУ-ге қосылады (Шу ҚС-ға кіретін нұсқа).

Сонымен қатар жобаланып жатқан ЖВЖ-ның екі нұсқасы қарастырылды:

- ү ш с ы м д ы қ а т қ а р у ;

- төртсымдық атқару.

Жобаланып жатқан ЖВЖ-ның ұзындығы былай анықталды:

- Екібастұз - Ағадыр - 508 км ;

- Ағадыр - ОҚМАЭС - 385 км ;

- О Қ М А Э С - Ж а м б ы л - 5 1 2 к м ;  
- О Қ М А Э С - Ш у - 2 7 0 к м ;

- Шу-Жамбыл - 280 км.

Қазақстан БЭЖ-нің Ресей БЭЖ-мен және Орталық БЭЖ-мен қосарлас жұмыстары жағдайындағы Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі өткіні бойынша орындалған есептесулер ағындардың ұйғарынды көлемін анықтауға мүмкіндік берді:

Жүйедегі Солтүстік-Оңтүстік

- ұйғарынды ағын 750 МВт.

500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші желінің құрылысы жағдайында

а) үш сымдық атқаруда  
- ұйғарымды ағын 1250 МВт.  
б) төрт сымдық атқаруда

- ұйғарынды ағын 1400 МВт.

Ұзаққа электр жеткізетін желілер үшін оларға 220-500 кВ-тық Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі өткінін жатқызуға болады, ұзындығының өсуімен шектеулі қуатының төмендеуі (өткен ұзындығы 100 км-ден астам), сондай-ақ реакторлар коммутациясының қиындығы, асқын кернеуді өте шектеу тән.

Басқарылатын реакторлар (БР) пайдаланылатын реактивтік қуатты 0-ден 100%-ға дейінгі номиналдық қуатта өзгертеді, сондай-ақ тұтынылатын қуаттың қажеттілігі бойынша көпдүркіндік шамалық жеделдетуді ( $Q_p = 8-10S_{ном}$ ) жүзеге асыра алады, осының арқасында басқарылатын реакторлар коммутациялық асқын кернеу шектегіштерінің терең деңгейін қамтамасыз етеді. (2.2.1.-диаграмма)

## Қуат ағынының ШР көмегімен шегіне жеткенге дейін өзгеру кезіндегі кернеуді реттеу

(қағаз мәтіннен қараңыз).

Басқарылатын реакторларды пайдалану кернеуді реттеу сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді (БР қосылатын тоқтарда кернеу берілген деңгейде қалады), әсіресе Ағадыр ҚС мен ОҚМАЭС ҚС-да және бұл жағдайда реттелмейтін шунтталушы реакторларды (ШР) коммутациялау мәселесі толықтай жоқ. БР арқасында ШР көп бөлігін өшіруге мүмкіндік туды, бұл Солтүстік-Оңтүстік өткіні бойынша жеткізілетін қуаттың шегін көтеруге алып келді, нәтижесінде өткінде БР пайдалану кезіндегі қуаттың ұйғарынды ағындары мынаны құрады:

а) фазалардың үшсымдық атқарылуы  
- ұйғарынды ағын - 1350 МВт, басқарылмайтын реакторлар орнатылған жағдайда  
1 2 5 0 М В Т - қ а қ а р с ы ;

б) фазалардың үшсымдық атқарылуы  
- ұйғарынды ағын - 1500 МВт, басқарылмайтын реакторлар орнатылған жағдайда  
1400 МВт-қа қарсы;

### **Ағадыр ҚС-да БШР көмегімен шегіне жеткенге дейін ағындар қуатының өзгеру кезіндегі кернеуді реттеу (1 БР)**

(қағаз мәтіннен қараңыз).

500 кВ-тық құрылысқа күрделі жұмсалымдар екі нұсқада анықталған. Бірінші нұсқа бойынша 500 кВ-тық ӘЖ Екібастұз-Ағадыр (508 км), Ағадыр-ОҚМАЭС (385 км) және ОҚМАЭС-Шу (270 км) үш біртізбекті құрылыстың құны анықталған.

Үш 500 кВ-тық ӘЖ-нің жалпы ұзындығы 1163 км. құрайды. Екінші нұсқа бойынша 500 кВ-тық ӘЖ құрылысының құны Шу ҚС-ға кірусіз анықталған. ОҚМАЭС-тен желі Жамбыл ҚС-ға дейін кетеді және осы телімнің ұзақтығы 512 км. Алғашқы екі телім өзгеріссіз қалады, 500 кВ-тық ӘЖ-нің жалпы ұзындығы 1405 км. құрайды. Үш және төрт төртсымдық дәстүрлі конструкциядағы 500 кВ-тық ӘЖ құрылысы үшін сәйкестендірілген және көрші фазалармен қашықтығы 12,0 м. болат пен темірбетондық тіректер пайдаланылады. Аралықтағы фаза сымдарының арасындағы қашықтық сақталады: а) үшсымдық атқару үшін - 400 мм; б) төртсымдық атқару үшін - 600 мм. Электржеткізу желілеріндегі тіректер саны 500 кВ-тық ӘЖ күрежолының өту аймағындағы климаттық зона аумағымен, фазалық сымның көлемімен (8) және басқа да талаптармен анықталған. Желілер бойынша тіректер саны 2.2.1.-кестеде анықталған.  
2.2.1. кесте

### **Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші тізбектің желілері бойынша тіректер саны**

-----  
N ! 500 кВ-тық ӘЖ ! үшсымдық атқару, дана ! төртсымдық атқару,  
р / б ! ! ! д а н а  
-----

1	Екібастұз-Ағадыр	1463	1569
2	Ағадыр - ОҚМАЭС	1106	1185
3	ОҚМАЭС - Жамбыл	1316	1553
4	ОҚМАЭС - Шу	736	821

-----

Екі нұсқа бойынша үш және төртсымдық атқарудағы 500 кВ-тық ӘЖ құрылысының құны 2.2.2. кестеде келтірілген.

2.2.2. кесте

Объект атауы	! үшсымдық, млн. АҚШ ! доллары	! төртсымдық, ! млн. АҚШ доллары
5 0 0 к В - т ы қ		Ж В Ж
Екібастұз-Ағадыр	104,24	114,66
5 0 0 к В - т ы қ		Ж В Ж
Ағадыр - ОҚМАЭС	66,73	73,41
5 0 0 к В - т ы қ		Ж В Ж
ОҚМАЭС - Шу	52,62	59,99
5 0 0 к В - т ы қ		Ж В Ж
ОҚМАЭС - Жамбыл	100,77	121,93
I н ұ с қ а		б о й ы н ш а
барлығы (Шу)	223,59	248,06
II н ұ с қ а		б о й ы н ш а
барлығы (Жамбыл)	217,74	310,00

Жалпы ұзындығы 1163 км немесе 1405 км Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі жаңа 500 кВ-тық ЖВЖ өз жолында әрекеттегі 500 және 220 кВ-тық электр станциялары мен қосалқы станциялардың жүйедегі 500 кВ-тық ОРУ-ға қосылады.

- 500 кВ-тық ОРУ Екібастұз МАЭС

- 500 кВ-тық ОРУ ОҚМАЭС

- 500 кВ-тық Ағадыр ҚС

- 220 кВ-тық Шу ҚС

- 500 кВ-тық Жамбыл ҚС

Жаңа 500 кВ-тық электр жеткізу ӘЖ-н қосу тәсімі әрекеттегі төменде көрсетілген жүйедегі объектілердің тәсімдеріне сәйкес таңдалған:

- Екібастұз МАЭС-да - жүйедегі ажыратқыштарды пайдаланумен "біржарымдық" тәсім бойынша;

- ОҚМАЭС-те - "біржарымдық" тәсім бойынша;

- Ағадыр ҚС-да екі ажыратқыштар арқылы жүйедегі шиналар жүйесіне;

- 220 кВ-тық Шу ҚС-да жаңа 500 кВ-тық ОРУ тәсімі - ОҚМАЭС-тен жаңа бір 500 кВ-тық ӘЖ, жүйедегі 500 кВ-тық "Бішкек-Алматы" ӘЖ-н қиюдан құрылған Алматы және Жамбыл ҚС-да екі ӘЖ-н және әрекеттегі 200 кВ-тық қосалқы станциямен байланыс үшін 500/220 кВ автотрансформаторын қосу үшін "төртбұрыштық"

- 220 кВ-тық Жамбыл ҚС-да - "үшбұрыштық" тәсімі "төртбұрыштық" тәсіміне қайта құрылады.

Әрбір 500 кВ-тық реактор өз желісіне ажыратқыш арқылы қосылады. Асқын кернеуден қорғау үшін 500/220 кВ-тық реакторлар мен автотрансформаторларға асқын



кернеу шектегіштерін орнату көзделген. 500 кВ-тық реакторлардың ұяшықтарындағы релелік қорғаныш қондырғыларын қоректендіру үшін ток трансформаторын орнату көзделген. Ажыратқыштар мен 500 кВ-тық ток трансформаторларын элегаздық оқшаулаулықтармен, сыйымды кернеу трансформаторларын әрбір жаңадан қосылатын желіге қолдану көзделген.

Солтүстік-Оңтүстіктің 500 кВ жаңа жеткізу ӘЖ-н қосуға байланысты әрекеттегі 500 кВ-тық АТҚ-н кеңейту жүйедегі жалпы қосалқы станциялық құрылыстарды пайдалану есебімен орындалады. Басқару жалпы қосалқы станциялық бекеттері (БЖҚБ) жүйедегі ғимараттарын кеңейту қажеттілігі объектілерді нақты жобалау кезінде анықталуы тиіс.

500 кВ-тық ӘЖ-н қосу үшін жаңа ұяшықтарды ықшамдау жүйедегіге ұқсас көзделеді. Жабдықтардың талап етілетін санын анықтау кезінде оның бастапқы тәсімде болуы ескерілді. Жаңа ұяшықтарға қосымша алаңшалар туралы мәселені келесі сатыларда нақты жобалау кезінде шешу қажет. 220 кВ-тық Шу қосалқы станциясында жаңа 500 кВ-тық АТҚ мен 500/220 кВ-тық автотрансформаторды орналастыру үшін орын керек. Оны таңдау кезінде 220 кВ-тық қосалқы станцияның жүйедегі жалпы қосалқы станциялық құрылыстарын пайдалану мүмкіндігін ескерген дұрыс. 500 кВ-тық қосалқы станцияда су немесе газдың көмегімен автоматтық өрт сөндіру жүйесін ұйымдастыру мәселесін пысықтау қажет. Кеңейтілетін қосалқы станцияларда және 500 кВ-тық Екібастұз МАЭС, ОҚМАЭС, Ағадыр мен Жамбыл АТҚ-да 500 кВ-тық реакторларды орнату жүйедегі автоматтық сумен өрт сөндіру торабына қайта жаңғырту жүргізуді немесе 500 кВ-тық реактордың ішіндегі өрттің алдын алу бойынша жергілікті газдық жүйенің қондырғыларымен жаңа реакторларды атқару талап етіледі.

Кеңейтілетін және жаңа 500 кВ-тық АТҚ құрылысының құны 1999-2001 жж. басқа объектілер құрылысы үшін алынған 500 кВ-тық жабдықтардың зауыттық бағасының есебімен анықталған. Құрылыс-құрастыру жұмыстарының құны жабдықтар құнының пайызымен "Қосалқы станциялар құнының ірілендірілген көрсеткіштеріне" сәйкес, құрылыс-құрастыру жұмыстарының ағымдағы құны 500 кВ-тық жоғарывольтті жабдықтардың құнынан гөрі аз көтерілгенін ескеретін коэффициентті өндірумен қабылданған.

Қосалқы станциялар құрылысының құны 2.2.3. кестеде берілген және 500 кВ-тық ӘЖ конструкциясының екі нұсқасы үшін жасалған.

### 2.2.3.-кесте

Қосалқы станциялар атауы	! I нұсқа	! II нұсқа
	! Шу ҚС-мен,	! Шу ҚС-сыз,
	! мың АҚШ долл.!	! мың АҚШ долл.
Екібастұз МАЭС	8 7 0 7	8 7 0 7
Ағадыр	1 5 4 4 4	1 5 4 4 4

О Қ М А Э С	9 5 2 1	9 5 2 1
Ш у Қ С	1 5 9 4 8	-
Ж а м б ы л Қ С	-	5 6 2 1
Б а р л ы ғ ы	4 9 6 2 0	3 9 2 9 3

500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік ЖВЖ-ның екінші тізбегінің құрылысына қажетті инвестициялар көлемін анықтау жоғарыда көрініс тапқан жобалау-конструкторлық шешімдер негізінде орындалды.

500 кВ-тық Екібастұз-Ағадыр-ОҚМАЭС-Шу және Екібастұз-Ағадыр-ОҚМАЭС-Жамбыл электр жеткізу желілері бір-біріне ұқсамайды және баламалы шешімдерді қоса алады, сондықтан құрылыс жұмсалымдары әрбір нақты телім бойынша бөлек берілген. Екі нұсқа үшін 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік ӘЖ-нің екінші тізбегінің құрылысына арналған жұмсалымдар 2.2.4. және 2.2.5. кестелерде келтірілген.

#### 2.2.4.-кесте

I нұсқа Шу ҚС-мен

500 кВ-тық ӘЖ телімінің!ӘЖ телімінің!Құрылыс құны, млн. АҚШ долл.  
атауы !ұзындығы, км!-----  
! !үшсымдық ЖВЖ !төртсымдық ЖВЖ

Екібастұз - Ағадыр	508	121,26	131,68
Ағадыр - ОҚМАЭС	385	77,95	84,63
ОҚМАЭС - Шу	270	74,0	81,37
Барлығы	1163	273,21	297,68

#### Кесте 2.2.5.

II нұсқа Шу ҚС-сыз

500 кВ-тық ЖВЖ телімінің!ЖВЖ телімінің!Құрылыс құны, млн. АҚШ долл.  
атауы ! ұзындығы, км!-----  
! !үшсымдық ӘЖ !төртсымдық ӘЖ

Екібастұз - Ағадыр	508	121,06	131,45
Ағадыр-ОҚМАЭС	385	80,44	87,12
ОҚМАЭС - Жамбыл	512	115,58	136,74
Барлығы	1405	317,05	355,31

Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі өткініндегі электр жеткізуді күшейту нұсқаларына талдау Шу қосалқы станциясына кіретін I нұсқаның анағұрлым оңтайлы нұсқа болып табылатынын көрсетті. Осы телімнің құрылысы дәстүрлі ОҚМАЭС-Жамбыл (512 км) электр жеткізу құрылысының нұсқасымен салыстырғанда электржеткізу ұзындығын айтарлықтай қысқартуға, соған сәйкес өткінің екінші тізбегінің құрылысына инвестициялардың жиынтық көлемін қысқартуға мүмкіндік б е р е д і .

500 кВ-тық ОҚМАЭС-Шу телімінде 500 кВ-тық Шу ҚС-мен және 500 кВ-тық Алматы-Бішкек ӘЖ кіруімен 500 кВ-тық желілердің құрылысы жағдайындағы қосымша шешімнің төмендегідей оң жақтары бар:

- 500 кВ-тық Бішкек-Жамбыл желілерімен Жамбыл ҚС-ға дейін мойнақ арқылы, Қазақстан БЭЖ-дің орталық БЭЖ-ден бөлек жұмысының түзімін тудыру қажеттілігі жағдайында Бішкек ҚС-ға кіруді айналып өтетін, 500 кВ-тық Шу ҚС ӘЖ - Бішкек ҚС өткінге қосу мүмкіндігі.

- ОҚМАЭС - Алматы өткіні жұмысының және ішінара Алматы-Бішкек пен ОҚМАЭС - Бішкек телімдерінде Шу ҚС-ға дейін сенімділігін арттырады.

- ОҚМАЭС-Алматы және ОҚМАЭС-Бішкек өткінінде, Шу ҚС-дағы бір-екі реакторды қосумен реактивті қуаттың қосымша өтемақысын алу мүмкіндігі.

- Өткін ұзындығын қысқарту есебінен Қазақстанның оңтүстік аймағына 800 млн. кВт.сағатқа электр энергиясын жеткізуді ұлғайту қамтамасыз етіледі, осымен Солтүстік-Оңтүстік өткінінің жиынтық өткізу қабілетін ұлғайтады.

- 500 кВ-тық ОҚМАЭС-Алматы-Шу-ОҚМАЭС сақинасының жекелеген желілерін кезекті жөндеуге шығару есебінен, өткінді қимай, жөндеу науқанын өткізу кезеңінде Қазақстан БЭЖ-дің Орталық Азия БЭЖ-ден мәжбүрлі бөлек жұмыс уақытын төмендетеді .

- 500 кВ-тық сақина торабын құру есебінен Алматы облысын электрмен жабдықтау сенімділігін көтереді .

500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші тізбектің құрылысы мынаған мүмкіндік б е р е д і :

- Солтүстік-Оңтүстік өткінінің өткізу қабілетін айтарлықтай ұлғайтуға, Қазақстанның оңтүстік аймағына тозаңдық көмірлі Екібастұз МАЭС-нан салыстырмалы түрдегі арзан электр энергиясын жеткізуді ұлғайту мәселелерін шешуге және осымен Оңтүстік тұтынушыларын орташа мерзімдік кезеңге электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз етеді.

- 500 кВ-тық желілердің жүйедегі және жобаланып жатқан желілердің кез-келген телімдерінің апаттық өшірілуі кезінде Орталық Азия БЭЖ-нің Қазақстан БЭЖ-нен болуы мүмкін бөлінуімен Қазақстанның оңтүстік аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін бірден көтеруге;

- Орталық Азия республикаларының электр энергиясының импортынан тәуелділігін

бірден азайтып, Қазақстанның оңтүстік аймағының энергетикалық қауіпсіздігіне қол жеткізуге.

### 2.3. Солтүстік-Оңтүстік жобасының экономикалық тиімділігінің бағасы

Инвестиция алдындағы ТЭН-нің экономикалық талдауының мақсаты - ұлттық экономика тұрғысынан Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймақтарын біріктіретін 500 кВ-тық кернеулі екінші электржеткізу желілері құрылысының экономикалық орындылығын негіздеу.

Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясы мен қуатының тапшылығын жабу балама ретінде мыналар қарастырылды:

1) 500 кВ-тық кернеулі Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші электржеткізу желілерінің құрылысы;

2) Оңтүстіктегі электр станцияларының құрылысы/Жамбыл МАЭС-н қалпына келтіру.

Есептесулер Солтүстік-Оңтүстік өткінін күшейтудің екі нұсқасы үшін жүргізілді:

- Екібастұз - Шу ЭЖЖ (Жамбыл), үш сымдық фазамен дәстүрлі конструкцияда;

- Екібастұз - Шу ЭЖЖ (Жамбыл), төртсымдық фазамен дәстүрлі конструкцияда.

Қаржы-экономикалық бөлігінде 12 сценарий зерттелді, мына параметрлердің өзгеруімен:

1. мұнайдың бағасы (барреліне 15 \$-дан 30 \$-ға дейін);

2. көмірдің бағасы (тоннасына 5 \$-дан 20 \$-ға дейін);

3. өндірілетін қуаттарды толтыру тәсілі:

- 100 \$/кВт шығыстармен Екібастұздағы қуаты 500 МВт көмірмен жұмыс істейтін жүйедегі булы конденсаторлық турбиналарды қайта жаңғырту мен құны 700 \$/кВт Оңтүстік Қазақстандағы қуаты 280 МВт газ/мазутпен жұмыс істейтін жаңа құрамдастырылған электр станциясының құрылысы;

- 200 \$/кВт шығыстармен Екібастұздағы қуаты 500 МВт көмірмен жұмыс істейтін жүйедегі булы конденсаторлық турбиналарды қайта жаңғырту мен құны 700 \$/кВт Оңтүстік Қазақстандағы қуаты 280 МВт газ/мазутпен жұмыс істейтін жаңа құрамдастырылған электр станциясының құрылысы;

- 200 \$/кВт шығыстармен Екібастұздағы қуаты 500 МВт көмірмен жұмыс істейтін жүйедегі булы конденсаторлық турбиналарды қайта жаңғырту мен құны 400 \$/кВт шығыстармен Жамбылдағы электр станциясын қайта құру.

4. Э Ж Ж :

- қысқа - Екібастұз - Шу;  
ұзын - Екібастұз - Жамбыл.

5. Оңтүстік қазақстандағы электр энергиясына сұраныс:

- сұраныстың базалық сценарийі, ол бойынша оңтүстіктегі қуат тапшылығы 2015 жылдың қарсаңында шамамен 1 920 МВт құрайды;  
- базалық сценарий - минус 10 %;  
- базалық сценарий - минус 15 %.

Базалық сценарий ретінде Екібастұз-Шу - қысқа электр жеткізу желілерінің құрылысын, 200 \$/кВт шығыстармен Екібастұздағы электр станцияларын қайта жаңғыртуды және құны 700 \$/кВт Жамбылдағы электр станцияларының құрылысын көздейтін, мұнай құны барреліне 20 \$ деңгейінде қабылданған сценарий таңдалды.

Үшсымдық фазалы желілердің құрылысы үшін инвестициялардың құны 273 млн. долл. және төртсымдық фазалы желілердің құрылысы үшін 298 млн. долл. деңгейінде қабылданды.

Үшсымдық фазалы желіде электр энергиясының технологиялық шығысы (ысырап) - 15%, төртсымдық фазалы желіде - 13%.

Баламаларды салыстыру Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші желінің құрылысы (оңтүстіктегі электр станцияларының құрылысы/қалпына келтіру), қосымша қуаттарды енгізу, электр энергиясын өндіру мен тасымалдау бойынша шығындардың келтірілген таза құнының есебі негізінде жүргізілген. Ең жақсы таңдау - ең аз келтірілген таза құндар баламасы. Осы бағалау тәсілі әдетте бірдей нәтижелерге жетудің баламалы тәсілдерін салыстыру үшін (бәсекелес немесе өзара жою) пайдаланылады. Бұл жағдайда екі баламадан да пайда (кіріс) теңдей.

Жобаны экономикалық бағалау үшін мына негізгі ұйғарымдар қабылданды:

- мемлекеттік субсидиялар, салықтар мен өзге де бюджетке міндетті төлемдер (трансферттер) және басқа ұқсас жәйттер қарастырылмаған; осы талдаудың мақсаты - ұлттық экономика тұрғысынан жобаны іске асырудың орындылығын бағалау, сондықтан үлгіге тек қана нақты экономикалық жұмсалымдар салынған.

- өндірілетін қуаттар мен электржеткізу желілерінің құрылысына инвестициялық шығыстар әлемдік рыноктық бағалар бойынша қабылданған;

- жергілікті жұмыс күшінің құнын ескергенде тұрақты пайдалану жұмсалымдары әлемдік рыноктық бағалардың 55% деңгейінде қабылданған.

Экономикалық талдау нәтижелері Солтүстік-Оңтүстік электржеткізу желілерінің құрылысы іс жүзінде барлық қарастырылған жағдайларда экономикалық жағынан ақталатынын көрсетті. Төртсымдық фазалы дәстүрлі конструкциядағы Екібастұз-Шу ЭЖЖ құрылысы көптеген сценарийлер нәтижесі бойынша анағұрлым оңтайлы нұсқа болып табылды.

Екібастұз-Шу электржеткізу желілерінің құрылысы бір мезгілде мына жағдайлардың болуынан Жамбыл МАЭС-н қалпына келтіруден гөрі пайдалы:

- көмірге баға тоннасына 20 \$, мұнайдың барреліне 16 \$, Екібастұздағы булы конденсаторлық турбиналарды қайта жаңғыртуға шығыстар 100 \$/кВт болған жағдайда, Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясына сұраныстың базалық деңгейі кезінде, 0-ден

3%-ға дейін дисконттау мөлшерлемесі кезінде - 4 сымдық фазалы дәстүрлі атқаруда, 0-ден 9%-ға дейін дисконттау мөлшерлемесі кезінде - 3 сымдық фазалы дәстүрлі атқаруда немесе

- 0-ден 15 %-ға дейін кез-келген дисконттау мөлшерлемесінде көмірге баға тоннасына 20 \$, мұнайдың барреліне 15 \$, Екібастұздағы булы конденсаторлық турбиналарды қайта жаңғыртуға шығыстар 200 \$/кВт болған жағдайда,

Екібастұз-Жамбыл ұзын желілері бойынша электр энергиясының тасымалынан қосымша кірістер желілер құрылысымен байланысты қосымша шығындарды жабуға жеткіліксіз, осы нұсқа тек бір сценарийде бағаланады, онда мұнайдың барреліне 15 \$, Екібастұздағы булы конденсаторлық турбиналарды қайта жаңғыртуға шығыстар 200 \$/кВт деңгейінде, Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясына сұраныс - базалық деңгейде қабылданған. Бұл сценарийді бағалау нәтижелері дисконттау мөлшерлемесі 12-15 % кезінде 3 сымдық фазалы Екібастұз- Жамбыл желілерінің құрылысы Жамбыл МАЭС-н қалпына келтіруден гөрі пайдасы азырақ екендігін көрсетті.

Талдау нәтижелері бойынша мына негізгі заңдылықтар анықталды:

- Солтүстік-Оңтүстік электржеткізу желілері құрылысының экономикалық мақсаттылығы өсе түседі, егер:

	-	Көмірдің бағасы төмендесе:			
Көмірдің құны		\$/тонна	5	10	20
NPV* солтүстік-		млн. \$	1229	1330	1533
			оңтүстік		
NPV* оң. эл/ст.		млн. \$	1628	1628	1628
айырмашылығы	млн. \$	339 298 95			

	-	Мұнайдың бағасы өседі:			
Мұнайдың құны		\$/баррель	15	20	25
NPV* солтүстік-		млн. \$	1172	1229	1285
			оңтүстік		
NPV* оң. эл/ст.		млн. \$	1442	1628	1815
айырмашылығы	млн. \$	270 339 530			

- Оңтүстік Қазақстанда электрге сұраныс ұлғаяды:

Сұраныс		Базалық	Базалық-10%	Базалық-15%	
NPV* солтүстік-		млн. \$	1229	879	693
			оңтүстік		
NPV* оң. эл/ст.		млн. \$	1628	1187	944
айырмашылығы	млн. \$	399 308 251			

- Көмірдің бағасы тоннасына 16 \$ болған кезде барлық қарастырылатын жағдайларда 500 кВ-тық Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі электржеткізу желілерінің құрылысы оңтүстікте электр станцияны қалпына келтіруден гөрі анағұрлым пайдалы.

-----  
\* NPV базалық сценарий бойынша шығындар

### **3. Солтүстік-оңтүстік жобасының экономикалық-қаржылық талдауы**

#### **3.1. Солтүстік-Оңтүстік жобасының пайдалылығын бағалау**

Бағалау жобаланып отырған 3 сымдық және 4 сымдық ӘЖ-н атқарудың екі нұсқасы үшін жүргізілді. Есептеулерде келесі негізгі ұйғарымдар қабылданды:

Оңтүстік Қазақстан электр энергиясының балансы

Оңтүстік Қазақстанда 2002 жылдан бастап 2022 жылдар аралығындағы кезеңде электр энергиясын тұтыну мен өндіру болжамы (1.а. және 1.б. қосымшалар) Қазақстан Республикасының 2001-2005 жылдары әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасының негізінде, ҚР ӘЖСМ-нің экономикалық зерттеу институтының деректері негізінде, электр энергиясын жұмсаудың сыбағалы нормасы мен өндірісті орналастыру және облыстардың даму индикативтік жоспары есебімен әзірленген. 2002 жылдан кейін Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші желі бойынша электр энергиясын жеткізу көлемі 3,1725 млрд. кВт.сағат деңгейінде қабылданған (4,125 млрд. кВт.сағат), 2022 жылға болжам бойынша Солтүстік-Оңтүстік өткінін толық жүктеу кезінде де Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына тапшылығы 4,2 млрд. кВт.сағат (3,4 млрд. кВт.сағат) құрайды.

Макроэкономикалық көрсеткіштер

Есептесулер инфляция мен ұлттық валюта бағамын есепке алмай АҚШ долларымен жүргізілген.

Талдау кезеңі

Талдау кезеңі - 2002-2054 жж. - 1-ші желі пайдалануға енгізілгеннен бастап 50 жыл. Қаржылық көрсеткіштерді есептеу үшін базалық жыл - 2002 жыл.

Электр энергиясын жеткізуге арналған тариф

2002 жылдан бастап 2005 жылдар аралығындағы кезеңде электр энергиясын жеткізуге арналған тариф "KEGOC" АҚ-ның 2002 жылға арналған бюджетінде және "KEGOC" АҚ-ның 2003-2005 жылдардағы даму жоспарында (Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасын іске асыру есебімен) көзделген деңгейде қабылданды.

2006 жылдан бастап 2054 жылдар кезеңінде электр энергиясын жеткізуге арналған тариф 2005 жылғы тариф деңгейінде өзгеріссіз қабылданды - 0,64 теңге/кВт.сағат.

Тариф мөлшерлемесін АҚШ долларымен қайта санау үшін 152,65 теңге бағамы пайдаланылды (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2002 ж. 6 айына орташа алмастыру бағамы бойынша).

Инвестициялар

500 кВ-тық кернеулі Солтүстік-Оңтүстік өткініндегі екінші электржеткізу желілері құрылысының жалпы құны болжанбайтын шығыстарды, жобаны сараптау жұмсалымдарын, кедендік баждарды және т.б. есепке алғанда шамамен 273 млн. доллар (298 млн. долл.) құрайды. Құрылысты 3 кезеңде жүзеге асыру болжануда. (2.а. және 2.б. қосымшалар) :

1. 2003 ж. - 2004 ж. 1-ші жартыжылдығы - ОҚМАЭС-Шу телімінің құрылысы. Құны 78,1 млн. доллар (85,5 млн. доллар). 500 кВ-тық ОҚМАЭС-Шу ӘЖ-нің ұзақтығы - 270 км. Қосалқы станциялар: 500 кВ-тық ОҚМАЭС пен 220 кВ Шу ҚС.

2. 2004 ж. 2-ші жартыжылдығы - 2006 ж. 1-ші жартыжылдығы - Екібастұз-Ағадыр телімінің құрылысы. Құны - 128,4 млн. доллар (138,8 млн. доллар). 500 кВ-тық Ағадыр-ОҚМАЭС ӘЖ-нің ұзындығы - 508 км. Қосалқы станциялар: 1150 кВ Екібастұз ҚС және 500 кВ Ағадыр ҚС.

3. 2006 ж. 2-ші жартыжылдығы - 2007 ж. - Ағадыр - ОҚМАЭС телімінің құрылысы. Құны - 66,7 млн. доллар (73,4 млн. доллар). 500 кВ-тық Ағадыр-ОҚМАЭС ӘЖ-нің ұзындығы - 385 км.

2005 жылы бірінші телімді - ОҚМАЭС-Шуды енгізу қолданыстағы тасымал бойынша - Ағадыр - ОҚМАЭС бойынша қуаттың ағындарын 100 МВт-ға (0,5 млрд. кВт.сағат) ұлғайтуға мүмкіндік береді. Тарифтің жоспарланған деңгейі кезінде электр энергиясын жеткізуден қосымша кірістер - 2,096 млн. доллар.

Екібастұз-Ағадыр телімін енгізу 2006 жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланған.

Соңғы телім - Ағадыр-ОҚМАЭС-н пайдалануға енгізу 2008 жылдың басына жоспарланып отыр. Барлық желілердің ең жоғары өткізу қабілеті 3,7125 млрд. кВт.сағат (4,125 млрд. кВт.сағат), тиісінше, тарифтің берілген деңгейі кезінде электр энергиясын жеткізуден ең көп кіріс - 15,565 млн. доллар (17,294 млн. доллар).

Сонымен қатар, қосалқы станцияларды пайдалану мерзімі шамамен 25 жыл болғандықтан, есептесулерде қосалқы станциялардың құрылысына инвестициялар ескерілген :

- 2028 ж. 500 кВ-тық ОҚМАЭС ҚС-ның құрылысына 9,52 млн. доллар;
- 2028 ж. 220 кВ-тық ҚС-ның құрылысына 15,95 млн. доллар;
- 2030 ж. 1150 кВ-тық Екібастұз ҚС-ның құрылысына 8,71 млн. доллар;
- 2030 ж. 500 кВ-тық Ағадыр ҚС-ның құрылысына 15,44 млн. доллар.

#### Шығыстар

Жобаланып жатқан желі бойынша электр энергиясын жеткізудің өзіндік құнын есептеу үшін өтелімдер мен желіге қызмет көрсетуге кететін өндірістік шығындарды анықтау қажет. ӘЖЖ мен ҚС-ны күрделі жөндеуге, техникалық қызмет көрсетуге, және өтелімдерге күтілетін жыл сайынғы аударымдар 3.а. мен 3.б. қосымшаларда келтірілген.

Осы уақытта Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу,



бәсекелестікті қорғау мен шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 332 бұйрығына сәйкес өтелімдік аударымдарға тек қана жаңартпа құрамдасы кіруі тиіс, оны пайдалану мерзімі ұзақ объектілер үшін құнын бірқалыпты есептен шығару әдісі бойынша анықтау керек. Есепте қабылданған ЭЖЖ-ні пайдалану мерзімі - 50 жыл, қосалқы станцияны пайдалану мерзімі - 25 жыл. Бұл жаңартпа аударымдардың мәніне сәйкес келеді: ЭЖЖ үшін - 2 %, қосалқы станциялар үшін - 4%.

Желіні күрделі жөндеу мен қызмет көрсету аударымдары, ағымдағы жөндеуді, жалақы қорын және жалпыжүйелік шығыстарды қоса алғанда қолданыстағы желілер бойынша іс жүзіндегі жұмсалымдар базасында есептелген. Бұл кезде орын алған іс-тәжірибе тұрғысынан алғанда пайдалануға объектілер енгізілгеннен кейінгі 5 жылда күрделі жөндеу жүргізілмейді деп жоспарлануда.

Сонымен қатар, шығыстық бөлікте желілер мен қосалқы станциялардың қалдық құнынан 1% көлемінде мүлік салығына төлемдер есепке алынған.

#### Жобаның пайдалылық бағасы

2054 ж. дейінгі ЭЖ-нің 3 сымдық нұсқада орындалуының таза ақшалай ағымының жиынтығы 180,8 млн. доллар (4.а қосымша), ЭЖ-нің 4 сымдық нұсқада атқарылуы 207,1 млн. доллар (4.б қосымша) құрады.

Жобаның немесе жиынтықталған болжамды ақшалай қаражаттардың бастапқы инвестицияларды жабу кезеңінің өтелімділік мерзімі - 36 жыл (35 жыл).

Сол сияқты жобаның пайдалылығын бағалу үшін ішкі пайдалылық мөлшерінің (IRR) немесе дисконттау мөлшерлемесі есепке алынған, бұл жағдайда жобаның келтірілген таза құны нөлдік мәнге жақындайды (таза келтірілген құнның есептеу әдісі "Жобаны жүзеге асырудың "KEGOC" АҚ-дағы қаржы-экономикалық көрсеткішке әсері" бөлімінде жан-жақты сипатталған).

Тапсырылған жобаның пайдалылығының ішкі мөлшері (IRR) тапсырылған тариф деңгейіндегі 3 сымдық атқарылуында шамамен 2,04%, 4 сымдық атқарылуында 2,1%. 2,04% (2,1%)-да дисконттау мөлшерлемесінде жобаның келтірілген таза құны оң болып - 226 мың доллар (361 мың доллар) құрайды, дисконттау мөлшерлемесі 2,04% (2,1%)-дан жоғары болған жағдайда теріс болады.

Өтелімдік мерзім пайдалылығының төмен және ұзақ мерзімді болуы инфрақұрылымдық жобаларға тән. Сондай-ақ, Солтүстік-Оңтүстік өткін есептеулерін бағалаудың қиындығынан Орталық Азия электр энергиясының импортынан тәуелділікті төмендету, сол сияқты сенімді және үздіксіз жұмыс істеу мүмкіндігін арттыру есебінен Оңтүстік Қазақстан тұтынушыларының апаттық ажырату санын азайту (түйіндерге/реакторларға жөндеу жүргізу керек болған жағдайда) сияқты оң әсерлер есепке алынған жоқ.

#### Жобаның пайдалылық мөлшері

Инвестициялық жұмсалымның тиімділігін бағалау үшін "KEGOC" АҚ-ның жобасы мен активтерінің пайдалылық мөлшерін салыстыру әдісі де пайдаланылды.

Осы әдіске сәйкес жобаның пайдалылық мөлшерін есептеу үшін орташа болжамды пайданы өтелім мен инвестицияның орташа құнына салынған салықтарды алып тастау қ а ж е т .

Бұл бағалау әдісінің келесі кемшіліктері бар: инвестицияның баланстық құн есебінде тек қана орташа пайданы көрсеткендіктен, болашақтағыдан гөрі дереу түсімдердің құны жоғары болатын фактісі есепке алынбайды. Бұл кемшілікті есепке алу үшін керекті инвестициялардың құны мен жоба бойынша (5.а және 5.б қосымшалары) күтілетін пайданы пайдалануға болады.

Жобаланған желінің 3 сымдық атқарылуы кезінде:

- 5% дисконттық мөлшерлеу кезінде жоба бойынша орташа пайда 1,329 млн. долларды құрайды, инвестицияның орташа құны - 4,82 млн. доллар, жобаның п а й д а л ы л ы қ м ө л ш е р і - 27,6% ;

- 7% дисконттық мөлшерлеу кезінде жоба бойынша орташа пайда 0,847 млн. долларды құрайды, инвестицияның орташа құны - 4,481 млн. доллар, жобаның п а й д а л ы л ы қ м ө л ш е р і - 18,9% ;

- 9% дисконттық мөлшерлеу кезінде жоба бойынша орташа пайда 0,563 млн. долларды құрайды, инвестицияның орташа құны - 4,203 млн. доллар, жобаның пайдалылық мөлшері - 13,4%.

Жобаланған желінің 4 сымдық атқарылуы кезінде:

- 5% дисконттық мөлшерлеу кезінде жоба бойынша орташа пайда 1,466 млн. долларды құрайды, инвестицияның орташа құны - 5,228 млн. доллар, жобаның п а й д а л ы л ы қ м ө л ш е р і - 28,0% ;

- 7% дисконттық мөлшерлеу кезінде жоба бойынша орташа пайда 0,916 млн. долларды құрайды, инвестицияның орташа құны - 4,868 млн. доллар, жобаның п а й д а л ы л ы қ м ө л ш е р і - 18,8% ;

- 9% дисконттық мөлшерлеу кезінде жоба бойынша орташа пайда 0,595 млн. долларды құрайды, инвестицияның орташа құны - 4,57 млн. долларды құрайды, инвестицияның орташа құны - 13,0%.

Салыстыру үшін, Компания активінің жалпы кіріс болып саналған пайдалылық мөлшерінің (2307,4 млн.теңге) "KEGOC" АҚ-ның 2001 ж. активтердің жалпы құнына қатынасы (72 842,9 млн. теңге), 3,2%-ға тең.

### 3.2. Қаржыландыру тәсімінің талдамасы

Талдау үшін 500 кВ кернеулі Солтүстік-Оңтүстік екінші электр жеткізу желісі өткінінің құрылысын қаржыландырудың келесі мүмкін деген тәсімдері таңдап алынды:

- 1-тәсім: күрделі қаржы жұмсалымының 75%-ы - ХҚҰ кредиті (ХЖДБ немесе

ЕЖДБ), 25%-ы - жергілікті ақша көздерінің несиесі, мысалы, Қазақстанның Даму Банкінің (кредиті);

- 2-тәсім: күрделі қаржы жұмсалымының 23%-ы - еуропалық коммерциялық банкісінің экспорттық несиесі, 37% - еуропалық банктің коммерциялық кредиті, 40% - жергілікті ақша көздерінің кредиті (мысалы, Қазақстанның Даму банкі);

- 3-тәсім: күрделі қаржы жұмсалымының 67%-ы - Еуробонд эмиссиясы, 33%-ы - жергілікті ақша көздерінен (мысалы, Қазақстанның Даму банкі).

Есептеулер жобаланған электржеткізу желісінің 4 сымдық атқарылуы үшін жүргізілген.

#### 1-тәсім (6.1.-6.3. қосымшалары)

Бұл тәсім бойынша "KEGOC" АҚ ХЖДБ немесе ЕЖДБ несиесі қаражаттарынан қаржыландыру мүмкіндігі қаралады.

Еуропалық Жаңғырту және Даму Банкі "KEGOC" АҚ-ның басшыларымен келіссөздерге келіп және инвестиция алдындағы ТЭН мен басқа да жоба бойынша ұсынылған басқа да материалдарды қарау кезінде жобаның тұжырымдамасын мақұлдап (concept clearance), ОҚМАЭС-Шу желісіндегі бірінші телімнің құрылысын қаржыландыруға дайын екендігін білдірді. Алдын-ала алынған деректер негізінде 50 млн. доллар көлемінде несиесі сомасы анықталды, бірақ жобаны әрі қарай бағалау мен болатын келіссөздер бойынша ұлғайту жағына қайта қаралуы мүмкін. Қаржыландыру шарты ЕЖДБ жобаны егжей-тегжейлі бағалауды жасап болған соң талқыланады.

ЕЖДБ жобаны ұзақ мерзімді қаржыландыруды мемлекеттік кепілдеме негізінде, сондай-ақ "KEGOC" ААҚ ондай кепілдемені алмаған жағдайда да ұсына алады.

Сонымен бірге бірлестірілген несиесі мүмкіндік қаралады, мұндай тәсімде ЕЖДБ барлық несиесі бойынша ресми несиесігер болып табылады, ал жобаны қаржыландыруға қатысушы банктер ЕЖДБ артықшылығы бар несиесігер ретінде мәртебесін пайдаланады: олар мораторий объектісі болмайды, қаражаттарды айырбастауға немесе қаражаттарды шетелге аударуларына шектеу қойылмайды, сақтандыру тәуекелділігі бойынша несиеленетін ресурстарды резервтеу талабына жатпайды, ЕЖДБ-нің желісі бойынша несиелер елдің ЕАВ-ның сыртқы қарызын жалпы бейқұрылымдау тәсіміне кіргізілмейді. Несиені бірлестіруге жергілікті банктер мен ЭНА (экспорттық-несиелік агенттіктер) жіберілмейді.

ЕЖДБ қосарлас несиесігер ретінде де қатысуы мүмкін. Қаржыландырудың мұндай тәсімінде несиесігер/несиесігерлер тобы "KEGOC" АҚ-мен жобаны қаржыландыруға қатысатын коммерциялық банктер ЕЖДБ-нің айрықшалық мәртебесімен қорғалмайтындығы жөнінде тікелей шарт жасасады. Қаржыландыруда шетелдік, сонымен бірге жергілікті банктер, сондай-ақ ХҚК (Халықаралық қаржылық корпорациясы) сияқты халықаралық қаржылық институттар қатыса алады.

Халықаралық Жаңғырту және Даму Банкімен Солтүстік-Оңтүстік электр жеткізудегі екінші желінің құрылысы жөнінде инвестиция алдындағы ТЭН бойынша да

ойдағыдай келіссөздер жүргізілді. ХЖДБ жобаның әлі де болса ҚР-ның Үкіметімен және "KEGOC" ААҚ-мен талқылауды керек екенін және жобаны қаржыландыруға көмек көрсету үшін дайын екендігін білдірді.

Есептеулерді жүргізу үшін 1-тәсімдегі қаржыландыру шарттары бойынша келесі ұйғарымдар қабылданды:

ХҚК кредиті (ХЖДБ немесе ЕЖДБ)

Кредит сомасы: 223 млн. АҚШ долл. (күрд.қаржы жұмс. құнының 75%-ы)

Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі: жылына 4,5%;

Негізгі қарызды төлеу мерзімі: 15 жыл;

Жеңілдіктер кезеңі: 5 жыл;

Кредит бойынша біржолғы төлем: 1%;

Кредиттің пайдаланылмаған балансы үшін комиссия: жылына 0,5%.

Жергілікті ақша көздерінен несиені

Кредит сомасы: 75 млн. АҚШ долл. (күрд. қаржы жұмс. 25%-ы);

Кредит бойынша марапаттау мөлшерлемесі: жылына 10%;

Негізгі қарызды төлеу мерзімі: 10 жыл;

Жеңілдік кезеңі: әрбір траншаны (барлығы 5 транша) алған кезден бастап 5 жыл;

Жобаны сараптамалау: 0,05% (бір жолғы төлем).

2-тәсім (7.1.-7.4 қосымшалары)

Бұл қаржыландыру тәсімі "KEGOC" АҚ-на RWE Solutions AG компаниясымен ОҚМАЭС-Шу электр жеткізу желісінің 1-ші теліміндегі құрылысты қаржыландыру үшін ұсынылған. Кредит сомасы 60 млн. евро болып анықталды, бірақ басқа қаржыландыру тәсімдерімен салыстыру үшін есептеулер әрбір элементтің пайыздық үлесін сақтай отырып, жалпы жобаның толық құнын жабу үшін жасалған.

2-қаржыландыру тәсімінің негізгі элементтері:

- Экспорттық Несиелік Агенттігінің жабуымен (Гермес, ОеКВ, басқ.) Еуропалық коммерциялық банкісінің экспорттық несиесі (Bankgesellschaft Berlin AG сияқты);

- Тәуекелділікті сақтандыру жөніндегі жеке агенттігінің жабуымен Еуропалық банктің коммерциялық несиесі (мысалы, Bankgesellschaft Berlin AG);

- Жергілікті ақша көздерінен несиені (мысалы, Қазақстанның Даму Банкінің несиесі).

Экспорттық кредиттік агенттіктің жабуымен еуропалық коммерциялық банктің экспорттық несиесі:

Кредит сомасы: 68,5 млн. АҚШ долл. (күрд. қаржы жұмс. 3%-ы);

Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі: жылына 4,5%;

Негізгі қарызды төлеу мерзімі: 10 жыл;

Жеңілдік кезеңі: 5 жыл (құрылыс кезеңі);

Басқару және ұйымдастыру сыйақылары: 0,5% (біржолғы төлем);

Пайдаланылмаған баланс несиесі үшін комиссия: жылына 0,25%;

Экспорттық Несиелік Агенттігінің кепілдемесі үшін сыйлықақы: 9%.

Тәуекелділікті сақтау жөніндегі жеке агенттіктің жабуымен еуропалық коммерциялық банкісінің коммерциялық несиесі:

Несие сомасы: 110,1 млн. АҚШ долл. (күрд. қаржы жұмсал. 37%-ы);

Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі: жылына 7,5%;

Негізгі қарызды төлеу мерзімі: 2 жыл;

Жеңілдік кезеңі: 5 жыл (құрылыс кезеңі);

Басқару және ұйымдастыру сыйақылары: 0,5% (біржолғы төлем);

Пайдаланылмаған несие балансы үшін комиссия: жылына 0,25%;

Несиені сақтандыру үшін сыйлықақы: 7%.

Жергілікті ақша көздерінен несие

Кредит сомасы: 119,1 млн. АҚШ долл. (күрд. қаржы жұмс. 40%-ы);

Несие бойынша сыйлықақы мөлшерлемесі: жылына 10%;

Негізгі қарызды төлеу мерзімі: 10 жыл;

Жеңілдік кезеңі: әрбір траншты алған кезден бастап 5 жыл (барлығы 5 транша);

Жобаны сараптамау: 0,05% (бір жолғы төлем).

3-тәсім (6.1.-6.3.-қосымшалар)

"KEGOC" АҚ еурооблигацияларын шығару бойынша тұлға-менеджердің қызмет көрсетуі бойынша JP Morgan инвестициялық банкісінен және HSBC британия банкісінен ұсыныстар алды.

JP Morgan ең ірі американдық банкілердің бірі болып саналады. JP Morgan дамуы рыноктердегі активтік жайғасымдарды дәстүрлер түрде ұстанып келеді. Дамушы рыноктардың облигациялардың трейдерлер рыногінде JP Morgan үлесі 34%-дық ұрайды.

JP Morgan-ның алдын-ала бағалауы бойынша (2001 жылдың қазанында ұсынылған) "KEGOC" АҚ үшін Еурооблигация құны төмендегідей:

Еуробонд түрі	!	Reg. S	!	Reg. S/144 A
Валюта	!	Евро	!	\$
Қарыз мерзімі (жыл)	3	5	3	5
Қарыз сомасы			150 - 200	млн.
Базистік табыстылығы (%)	3,656	3,982	3,161	3,868
Спрэд (bps)	448-468	487-507	500-520	530-550
Табыстылығы (%)	8,136-8,336	8,852-9,052	8,161-8,361	9,168-9,368
Индикативтік (%)	8,125-8,250	8,75-9,00	8,125-8,25	9,125-9,25
Тұлға-менеджерге				

сыйақы (bps)	62,5	75	62,5	75
Шығындар	660000	660000	600000	600000
С ы й а қ ы	+	ж ы л	б о й ы н ш а	
орташа шығындар (bps)	41	30	40	29
All-in-cost (%)	8,546-8,746	9,152-9,352	8,561-8,761	9,578-9,778
Жалпы спрэд (bps)	489-509	517-537	540-560	559-579

HSBC "KEGOC" АҚ үшін еурооблигация құнын KazTransOil компаниясы қарызының салыстыру құнына байланыстыра отырып анықтайды:

Қарыз мерзімі ! 3 жыл ! 5 жыл

Индикативтік купон 8,625 - 8,75% 9,75 - 9,875%

Бағалық база (pricing benchmark) UST 6,50% Май - 05 UST 4,375% Май - 07

Спрэд (re-offer spread vs benchmark) + 530 - 540 bps + 580 - 590 bps

Спрэд (re-offer spread vs US\$ Libor) + 482 - 492 bps + 528 - 538 bps

Инвестор үшін табыстылық 8,64 - 8,74% 9,83 - 9,93%

Тұлға-менеджерге сыйақы 0,50% 0,60%

"KEGOC" үшін жалпы табыстылық 8,83-8,935% 9,99-10,09%

Жалпы спрэд (All-in Spread vs benchmark) + 549 - 559 bps + 596 - 606 bps

Жалпы спрэд (All-in Spread vs US\$ Libor) + 501 - 511 bps + 544 - 554 bps

Еуробондтарды тиімді орналастырудағы анықтаушы факторлардың бірі Компанияның несиелік рейтингі болып табылады. "KEGOC" АҚ-ның несиелік рейтингі: Moody's - "B1" 1999 жылы ақпанда және Standard & Poor's (S&P) - "BB тұрақты болжам" 2001 жылдың мамырында әлемдік негізгі рейтингтік агенттіктермен тағайындалған. Қазіргі уақытта Компания Standard & Poor's агенттігінің шәкілі бойынша несиелік рейтингті көтеру мүмкіндігін қарастыруда. Бұл жағдай "KEGOC" АҚ-ның 2001 жылы қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруына байланысты. Рейтинг пен құнды қағаздар арасында тәуелділік болып отыр. Яғни, Standard & Poor's дәйектеліміне сәйкес, "BB" деңгейіндегі қазіргі рейтингте, "KEGOC" АҚ 10,62%-дан 9,89%-ға дейінгі деңгейде табыстылыққа сене алады. Рейтингті "BB+"-ға дейін көтерген жағдайда, Компанияның құнды қағаздары 8,21%-дан 8,12%-ға дейінгі табыстылықпен орналасуы мүмкін.

3-тәсім бойынша қаржыландыру шарттарында есептеулерді жүргізу үшін келесі ұйғарымдар қабылданған:

Еуробондтарды шығару

Қарыз сомасы: 200 млн. АҚШ долл. (күрд. қаржы жұмс. 67%-ы);

Индикативтік купон: жылына 9,25%;

Тұлға-менеджерге сыйақы: 0,75%;

Еуробондты шығаруға байланысты шығындар: 600 мың. доллар;  
Өтеу мерзімі: 5 жыл.

Жергілікті ақша көздерінен несиелер

Несие сомасы: 97,68 млн. АҚШ долл. (күрд. қаржы жұмс. 33%-ы);

Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі: жылына 10%;

Негізгі қарызды төлеу мерзімі: 10 жыл;

Жеңілдік кезеңі: әрбір траншаны алған кезден бастап 5 жыл (барлығы 2 транша);

Жобаның сараптамасы: 0,05% (бір жолғы төлем).

Есептеулер талданып отырған кезең - 2002-2022 ж.ж. бойынша ақшалай ағымдардың келесі үлестірімін айқындады (9-қосымша):

2002 пен 2007 ж.ж. аралығындағы кезеңде қаржыландырудың барлық үш тәсімі бойынша ақшалай қаражаттарды төлеу салыстырмалы түрде біркелкі өтеді.

2008 ж. Ақшалай қаражаттар жұмсалымының кенет секірмелілігі болады:

- 3-қаржыландыру тәсімі бойынша, 100 млн. АҚШ долл. екі транша Еуробонды бойынша қарыздың негізгі сомасын өтеу мерзімінің келуіне байланысты;

- 2-қаржыландыру тәсімі бойынша: 2008 жылы осы тәсімнің барлық 3 кредиті бойынша негізгі қарызды төлеу басталады; еуропалық банктің коммерциялық несиесін жарты жылдық 4 тең траншалармен желілер құрылысының аяқталуы бойынша қайтару көзделген, сондықтан осы несиелер бойынша төлем кредиті 2008 жылы шамамен 63,3 млн. АҚШ долл., 2009 жылы - 59,2 млн. АҚШ долл. құрайды.

2010 ж. еуропалық банктің несиесін өтегеннен кейін (күрд. қаржы жұмс.37%) 2-тәсім бойынша қаржыландыру төлемдері айтарлықтай төмендейді. 2010-2022 ж.ж. 3-

тәсім бойынша төлемдер тек қана жергілікті ақша көздерінің несиелерін өтеуге қызмет көрсетуге ғана байланысты. Осыған сәйкес, 2010 мен 2021 жж. 2 және 3 тәсім бойынша қарызды өтеу мен сыйақы төлеу шығыны 1-тәсім бойынша қаржыландыру шығынынан төмен.

Қарыздың негізгі сомасын төлеуді есепке алмай, қарызды алу мен өтеуге қызмет көрсетуге байланысты, жоба бойынша ақшалай қаражат жұмсалымының жалпы сомасы (10-қосымша) 2003 мен 2022 жж. аралығындағы кезеңде:

- 1) 1-қаржыландыру тәсімі бойынша - 193,76 млн. АҚШ долл.;
- 2) 2-қаржыландыру тәсімі бойынша - 204,84 млн. АҚШ долл.;
- 3) 3-қаржыландыру тәсімі бойынша - 214,96 млн. АҚШ долл.

Қарыздық қаражаттағы 1 доллардың құны:

- 1) 1-қаржыландыру тәсімі бойынша - 0,65 АҚШ долл.;
- 2) 2-қаржыландыру тәсімі бойынша - 0,69 АҚШ долл.;
- 3) 3-қаржыландыру тәсімі бойынша - 0,72 АҚШ долл.

All-in-cost (қарызды, комиссияны, сыйақыны, басқадай біржолғы төлемдерді алуға байланысты шығындар есепке алынған сыйақы мөлшерлемесі) келесі деңгейде болды:

- 1) 1-қаржыландыру тәсімі бойынша - 6,97%;
- 2) 2-қаржыландыру тәсімі бойынша - 11,26%;
- 3) 3-қаржыландыру тәсімі бойынша - 11,97%.

Қорытынды

1-қаржыландыру тәсімі бойынша ХҚҰ несие қаражатынан (жоба құнының 75%) және жергілікті ақша көздері несиесінен (25%) жобаны қаржыландыру кредит бойынша төменгі сыйақы мөлшерлемесі түрінде қарызы өтеуге қызмет көрсетуге байланысты шығындар көлемі бойынша да, несиені алу құнының аз және өтеу мерзімінің ұзақтығы жөнінен айтарлықтай тиімді болып табылады.

### **3.3. Жобаны іске асырудың "KEGOC" АҚ-дағы қаржылық-экономикалық көрсеткіштерге тигізер әсерінің бағасы**

Талдаудың бұл бөлігінде жобаны іске асырудың Компаниядағы қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне әсері қаралады. Көрсеткіштерді есептеу 2 сценариймен дайындалған:

1-сценарий - Солтүстік-Оңтүстік жобасы есепке алынбайды

2-сценарий - Солтүстік-Оңтүстік жобасы есепке алына отырып, электр энергиясын жеткізудің орташа тарифтерін өзгертпестен жобаланып отырған ӘЖ-нің орындалуының екі нұсқасы үшін.

Макроэкономикалық көрсеткіштер

1. 2002 мен 2022 жылдар кезеңінде Оңтүстік аймақтарды қоса алып қарағанда,



ЖМАЭС жұмысын есепке ала отырып Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын тұтыну мен өндіруді болжау электр энергиясының жұмсалуды мен өндірістерді орналастырудың үлес мөлшерін, облыстардың экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасындағы 2001-2005 ж.ж. әлеуметтік-экономикалық даму Тұжырымдамасына, ҚР ЭЖСМ-нің экономикалық зерттеу институтының деректеріне негізделі отырып әзірленген.

2. 2002 мен 2005 жылдар кезеңіндегі АҚШ долларының теңгемен айырбастау бағамы, тұтынушылық баға индексі ҚР Экономика және сауда министрлігінде индикативтік жоспарлауға қолданылатын деректерге сәйкес қабылданған. (11-қосымша )

3. 2006 мен 2022 жылдар кезеңіндегі көрсеткіштердің өсу қарқыны келесі деңгейде қабылданған :

- долларды айырбастау бағамы - жылына 3%
  - тұтыну бағасының индексі - жылына 4%
- Компанияның қызмет көрсету тарифтері

2002 мен 2005 жылдар кезеңіндегі Компания қызметінің тарифтері "KEGOG" АҚ-ның 2002 ж. бюджетінде және "KEGOC" АҚ-ның 2003-2005 жылдардағы даму жоспарында көзделген деңгейлерге қабылданды (Ұлттық электр тораптарын жаңарту жобасын жүзеге асыруды есепке ала отырып):

теңге/кВт.сағат

Жылдар	!	2002	!	2003	!	2004	!	2005
-----								
Электр энергиясын жеткізудің орташа тарифі		0,46	0,535	0,61	0,64			
Диспетчерлендіру бойынша қызметтердің тарифтері		0,029		0,029		0,029		0,029
-----								

2006 мен 2022 жылдар аралығындағы кезеңіндегі электр энергиясын тасымалдау тарифтері Компанияның 2005 жылға дейінгі даму жоспарында көзделген деңгейде қабылданған- 0,64 теңге/кВт.сағат. Техникалық диспетчерлеу қызметтері бойынша тариф барлық талданып отырған кезеңге 0,029 теңге/кВт.сағат болып анықталған.

Есептемелерде есепке алынбағандар:

- ҚҚС төлеу бойынша уақыттық айырмашылықтар;
- қарыздарды төлеу үшін ақшалай қаражаттардың резервтерін құрау (талданып отырған кезеңде олардың айналымға түсуіне байланысты);
- сенімділікті қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуден түсетін табыстар;

- Компанияның желілері бойынша шектес мемлекеттерден электр энергиясы өткінінен түсетін әлеуетті табыстар;
- 2006 жылдан дивидендтер/үлеспайдалар/ төлеу.

## 1 - сценарий

2002-2005 жж. Қаржылай нәтиже мен ақшалай қаражаттардың қозғалысының есептемесі Солтүстік-Оңтүстік жобасынсыз "KEGOC" АҚ-ның 2002 ж. Бюджетіне және "KEGOC" АҚ-ның 2002-2005 жж. Даму жоспарының жобасына негізделіп жасалған (13 қосымша).

## И н в е с т и ц и я л а р

Ұлттық электр желілерін жаңарту жобасынан тыс инвестициялау 2005 жылдан кейін жылына 2,16 млрд. теңге деңгейінде қабылданған.

## Негізгі емес қызметтен табыс/залал

Негізгі емес қызметтен табыстың/залалдың келешегін болжаудың қиын екендігіне байланысты негізгі емес қызметтегі табыста/залалда ХЖДБ мен ЕЖДБ тартылған кредиттері бойынша бағамдық айырмашылық бағамы ғана есепке алынады.

## Ш ы ғ ы н д а р

2002 мен 2005 жж. Солтүстік-Оңтүстіктің жобасынсыз негізгі қызмет бойынша шығындары "KEGOC" АҚ-ның 2002 ж. бюджетіне және "KEGOC" АҚ-ның 2003-2005 жж. даму жоспарының жобасына сәйкес қабылданған. 2006-2022 жж. болжау келесі ұйғарымдарға негізделген:

- өтелімдік аударым ҰЭТ Жаңарту жобасы бойынша жаңа объектілер мен жобадан тыс құнды біркелкі есептен шығару әдісі бойынша есептелген;

- пайдалану шығындары, еңбекақы төлеу, әкімшілік шығындар, электр энергиясының технологиялық шығындары, инфляцияны есепке ала отырып есептеген басқадай шығындар (жылына 4%);

- күрделі жөндеу шығындары жылына 2% өсіммен ескере отырып саналған;

- мүлікке салық активтердің қалдық құнының - 1%-ы, көлік құралдарының салығы мен инфляцияға түзетулер енгізумен есептелген басқадай салықтар.

"KEGOC" АҚ-ның Солтүстік-Оңтүстік жобасынсыз негізгі қызметі бойынша шығындар 12-қосымшада келтірілген.

## 2 - сценарий

"Жобамен" сценарийі бойынша есептеулер 13.а. қосымшаларында келтірілген, ӘЖ-нің 3 сымдық атқарылуы үшін 13.б. қосымшада, ӘЖ-нің 4 сымдық атқарылуы үшін 13.б. қосымшада.

## И н в е с т и ц и я л а р

Солтүстік-Оңтүстік 500 кВ өткініндегі электр жеткізудің екінші желісі құрылысының жалпы құны күтілмеген шығындар қоса есептелген шығындар, жобаны сараптау шығындары, кедендік баждар және т.с.с., 273 млн. доллар құрайды (298 млн. доллар) құрайды. Құрылысты 3 кезеңмен жүзеге асыру көзделіп отыр (2.а. және 2.б.

қ о с ы м ш а л а р ) :

1. 2003 ж. - 2004 ж. 1-ші жартыжылдығы - ОҚМАЭС-ШУ телімінің құрылысы - 78,1 млн. доллар (85,5 млн. доллар). 500кВ ОҚМАЭС ЭЖ-нің ұзындығы - 270 км. Қосалқы станциялар: 500 кВ ОҚМАЭС ҚС және 220 кВ Шу ҚС.

2. 2004 ж. 2-ші жартыжылдығы мен - 2006 ж. 1-ші жартыжылдығы - Екібастұз-Ағадыр телімінің құрылысы. Құны - 128,4 млн. доллар (138,8 млн. доллар). 500 кВ Ағадыр-ОҚМАЭС ұзындығы 508 км. Қосалқы станциялар: 1160 кВ Екібастұз ҚС және 500 кВ Ағадыр ҚС.

3. 2006 ж-2007 ж. 2-ші жартыжылдығы - Ағадыр-ОҚМАЭС телімінің құрылысы. Құны - 66,7 млн. доллар (73,4 млн. доллар). Ағадыр ОҚМАЭС ЭЖ-нің ұзындығы - 385 км.

2005 жылы ОҚМАЭС-Шудың бірінші телімін енгізу қолданыстағы негізгі өткін - Ағадыр-ОҚМАЭС қимасы бойынша қуат ағымын 100 МВт-қа (0,5 млрд.кВт.сағат) ұлғайтуға мүмкіндік береді. Электр энергиясын жеткізудегі қосымша табыс тарифтің жоспарланған деңгейінде - жылына 320 млн. теңге.

Екібастұз-Ағадыр телімін енгізу 2006 жылдың екінші жартыжылдығында жоспарланған.

Ағадыр-ОҚМАЭС - соңғы телімді пайдалануға ендіру 2008 жылдың басына жоспарланып отыр. Барлық желінің ең жоғарғы өткізу мүмкіндігі - 3,7125 млрд. кВт.сағат (4,125 млрд. кВт.сағат), осыған сәйкес тапсырылған тарифтік деңгейде электр энергиясын жеткізуден ең жоғарғы табыс 2,4 млрд. теңге (2,6 млрд. теңге).

#### Ж о б а н ы қ а р ж ы л а н д ы р у

Таңдап алынған оңтайлы тәсім жоба бойынша күрделі қаржы жұмсалымын қаржыландырудың 75%-ы ХҚҰ (ХЖДБ немесе ЕЖДБ) несиелері есебінен және 25%-ы жергілікті ақша көздері несиелерінен (мысалы, Қазақстанның Даму Банкі). Қаржыландыру шарттарын сипаттау 3.2.-бөлімде "Қаржыландыру тәсімін талдауда" келтірілген. Несиелер бойынша қаражаттарды игеруді келесі кесте бойынша жүзеге асыру жоспарланып отыр:

Жоспарланып отырған электржеткізу желісінің 3 сымдық атқарылуында:

млн. доллар

	! 2003	! 2004	! 2005	! 2006	! 2007	! Барлығы
ХҚҰ несиесі	39,04	43,60	48,15	40,76	33,37	204,91
Ж е р г і л і к т і к ө з д е р і н е н несиелер	13,01	14,53	16,05	13,59	11,12	68,30

Барлығы	52,05	58,13	64,20	54,35	44,49	273,21
---------	-------	-------	-------	-------	-------	--------

Жоспарланып отырған электржеткізу желісінің 4 сымдық атқарылуында:

млн. доллар

	! 2003	! 2004	! 2005	! 2006	! 2007	! Барлығы
ХҚҰ несиесі	42,74	47,39	52,05	44,38	36,71	223,27
Ж е р г і л і к т і к ө з д е р і н е н несиелер	14,25	15,80	17,35	14,79	12,24	74,43
Барлығы	56,99	63,19	69,40	59,17	48,95	297,68

### Шығындар

Жобаланып отырған желі бойынша электр энергиясын жеткізудің өзіндік құнын есептеу үшін желінің өтелімі мен қызмет көрсетуге кететін шығындарды анықтау қажет. Күрделі жөндеуге, ЭЖЖ мен ҚС-дың өтелімі мен техникалық қызмет көрсетуге кететін жылсайынғы ақша аударылымы 3.а. және 3.б. қосымшаларында келтірілген.

Қазіргі кездегі өтелімдік аударылымдарға Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын кәсіпкерлікті қолдау агенттігінің 28.06.2000 ж. N 332 бұйрығына сәйкес, құнды біркелкі есептен шығару әдісі бойынша ұзақмерзімді пайдалану объектілері үшін анықтауға жататын жаңартпа құрамдас бөлігі кіруі керек. Қабылданған есептеулерде ЭЖЖ пайдалану мерзімі - 50 жыл, қосалқы станцияларды пайдалану мерзімі 25 жыл. Бұл жаңартпалық аударымдардың мәні ЭЖЖ үшін 2%-ға, қосалқы станциялар үшін - 4 %-ға сәйкес.

Күрделі жөндеу мен желілерге қызмет көрсету аударымдары, ағымдағы жөндеу шығындарын еңбекақы қорын және жалпыжүйелік шығындарды қоса есептегенде қолданыстағы желілер бойынша нақты шығындар негізінде есептелген. Сонымен бірге, қалыптасқан тәжірибе тұрғысынан объектілерді қолданыла енгізген алғашқы 5 жыл ішінде күрделі жөндеу жүргізілмейді деп жоспарлануда. Одан басқа, шығындар бөлігінде желілер мен қосалқы станциялардың қалдық құнының 1% мүлікке салық төлеу ескерілмеген. Басқадай шығындарға біржолғы төлемдер мен тартылған несиелер бойынша комиссиялар жатқызылған.

Сценарийлерді "жобамен" және "жобасыз" салыстыру

Екі сценарийді салыстыру Компанияның негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштерін салғастыру арқылы ("жобамен" және "жобасыз"), сонымен бірге, 2022 жылға дейінгі ақшалай ағымның келтірілген таза құны бойынша (NPV) - ХҚҰ

несиелерінің негізгі қарыз сомасын өтеудің көзделіп отырған кезеңімен жасалды. Есептеу кезеңі 20 жылға тең болып (2003-2022 жж.) анықталған.

#### Қ а р ж ы л ы қ н ә т и ж е

14.а. мен 14.б. қосымшаларындағы кестелердің және 15-қосымшадағы диаграммалардың көрсетуі бойынша талданып отырған кезең бойы Компанияның қаржылық нәтижесі Солтүстік-Оңтүстік жобасын қоса есептегенде оң түрде және " жобасыз" сценарийіндегі қаржылық нәтижеден аздап қана айрықшаланды.

2003 ж.-дан 2012 ж.-ға дейінгі кезеңдегі (2013 ж. ӘЖ-нің 4 сымдық атқарылу нұсқасында) жобасыз қаржылық нәтижесі жобасы бар қаржылық нәтижеден жоғары. Бұл "жобалы" сценарийдің операциялық шығындарының ұлғаюымен, негізінен біржолғы төлемдер мен тартылған несие бойынша комиссиялар қоса есептелген, сонымен бірге теріс бағамдық айырмашылық есебінен негізгі емес қызметтен зиян шегумен байланысты. 2005 жылдан 2007 жж., ОҚМАЭС-Шу және Екібастұз-Ағадыр екі телімін пайдалануға енгізу кезінде операциялық шығындары жаңа желі бойынша жеткізу желілерінің табыстарынан асып кетеді.

2012 ж. бастап (2013 ж.) Компанияның қаржы нәтижесі Солтүстік-Оңтүстік жобасын қоса есептегенде, Солтүстік-Оңтүстік өткінінің екінші желісі бойынша электр энергиясын жеткізу есебінен түскен қосымша табыстан жоғары болып, несиелерді өтеу шамасы бойынша теріс бағамдық айрықшалық қысқарып және олар бойынша сыйақы төлемі төмендейді.

#### А қ ш а л а й а ғ ы м д а р

Ақшалай ағымдар ақшалай қаражаттардың құйылымы (ақша көздері) мен ақшалай қаражаттардың жылыстауы арасында айырмашылық ретінде есептелген. Ақшалай қаражаттардың көздері болып Компанияның салық салудан кейінгі таза табысы ( қаржылық нәтиже), өтелім, теріс бағамдық айырмашылық, шоғырланған ақшалай ағымдарды есептеу үшін өткен жылдағы ақшалай қаражаттың қалдығы. Ақшалай қаражаттардың жылыстауына кіретіндер: жаңарту жобасы бойынша қосарлай қаржыландыру, жобалау бойынша қаржыландыру шығындары, жобадан тыс инвестиция мен дивидендтер/үлеспайдалар/ төлемі (2005 ж. дейін).

16.а және 16.б. қосымшаларындағы кестелерде көрсетілгендей Солтүстік-Оңтүстік жобасын қоса есептегендегі шоғырланған ақша қаражаттары талданып отырған кезең бойы оң түрде, яғни Компания ақшалай қаражат тапшылығын сезінбейді. Жобалы және жобасыз сценарийде шоғырланған ақшалай ағымдағы айырмашылығы 65,97 млрд. теңге (72,61 млрд. теңге) құрады.

Қаралып отырған кезеңде жобаны іске асырған жағдайда Компанияның экономикасы қаншалықты төмендейтінін нақтырақ бағалау үшін ақшалай ағымдардың дисконттау әдісі қолданылды. Бұл әдіс төленетін немесе келешекте алынатын ақшалай қаражаттардың бүгінгі құнын анықтауға мүмкіндік береді. Болашақ ақшалай түсімдерді /төлемдерді дисконттау (қазіргі кезге келтіру) келесі формула бойынша есептеледі:

$$DCF = CF_n / (1+i)^{n-1}$$

мұнда:

**DCF** - дисконтталған ақшалай ағым  
**CF** - болашақтағы ақшалай ағым  
**i** - дисконттау коэффициенті

**n** - жыл

Келтірілген таза құн ақшалай ағымдарды қосу арқылы анықталады:

$$NPV = \sum DCF$$

Табиғи монополиялар аумағында жобаларды қаржылай бағалау үшін негізінен қарыздық қаражаттардың құны ғана есептелген дисконттаудың ең төменгі мөлшерлемесі қолданылады. Компанияның келтірілген ақшалай құйылымдар құнын есептеу үшін 5%, 7% және 9% дисконттау мөлшерлемесі қолданылды. 2002 ж. дейінгі келтірілген таза ақшалай ағымдар құны (16.а., 16.б., 17.1., 17.2., 17.3. қосымшалары):

Жобаланған электржеткізу желілерін 3 сымдық атқаруда:

дисконттау мөлшерлемесі:	NPV "жобасыз"	NPV "жобамен"
5%	62,712 млрд. теңге	23,351 млрд. теңге
7%	50,721 млрд. теңге	18,045 млрд. теңге
9%	41,655 млрд. теңге	14,239 млрд. теңге

Жобаланған электржеткізу желілерін 4 сымдық атқаруда:

Дисконттау мөлшерлемесі:	NPV "жобасыз"	NPV "жобамен"
5%	62,712 млрд. теңге	19,315 млрд. теңге
7%	50,721 млрд. теңге	14,674 млрд. теңге
9%	41,655 млрд. теңге	11,395 млрд. теңге

Осылайша, "жобасыз" және "жобамен" сценарийлеріндегі ӘЖ 3 сымдық атқарылу нұсқасындағы ақшалай ағымдардың дисконттау айырмашылығы (ӘЖ 4 сымдық атқарылу нұсқасында) айырмашылық 5% дисконттау мөлшерлемесінде 39,36 млрд. теңге (43,4 млрд. теңге), 7% дисконттау мөлшерлемесінде - 32,68 млрд. теңге (36,05 млрд. теңге) және 9% дисконттау мөлшерлемесінде - 27,42 млрд. теңге (30,26 млрд. теңге).

#### Қ а р ж ы л ы қ к о э ф ф и ц и е н т т е р

18.а. және 18.б. қосымшаларда 2002-2022 жж. Қарыздарға қызмет көрсету коэффициенттерін есептеу ҰЭТ-ын жаңарту жобасы аясындағы қолданыстағы несиелер бойынша, ХЖДБ мен ЕЖДБ несиегерлік келісім-шарттарымен анықталған әдіске с ә й к е с к е л т і р і л г е н .

ХЖДБ-мен несиелік келісім-шарттарына сәйкес қарызға қызмет көрсету коэффициенті төмендегі формула бойынша есептеледі:

Салық салуға дейінгі пайда + Өтелімдік аударымдар +  
 Қарызға қызмет Қаржылық шығындар

көрсету = -----

коэффициенті Қарызға қызмет көрсету сомасы

Қаржылық шығындарға негізгі соманы төлеумен қоса несиеге қызмет көрсетуге байланысты барлық шығындар кіреді. Қарызға қызмет көрсету сомасы - несиенің қолдану мерзімі бойы несиеге қызмет көрсету бойынша ең жоғарғы жылдық шығын. "Жобасыз" сценарийде қарызға қызмет көрсету бойынша ең жоғарғы төлемдер 4,0 млрд. теңге көлемінде 2015 ж. күтілуде, сол сияқты "жобалы" сценарийде 2015 ж. - 8,2 млрд. теңге (8,5 млрд. теңге) көлемінде.

Коэффициент мәні қосымша қаражаттарды қарызға алған кезде 1,5-тен кем болмауы керек. Қосымшадағы кестеде көрсетілгендей "жобалы" сценарийде несиені алғаннан кейінгі алғашқы 3 жылда коэффициент мәні белгіленген талаптардан төмен:

	2 0 0 3	2 0 0 4	2 0 0 5
ӘЖ-сін 3 сымдық атқаруда	0,73	1,00	1,37
ӘЖ-сін 4 сымдық атқаруда	0,70	0,96	1,32

Бірақ бұл Компанияда несиелер бойынша міндеттерді орындау үшін жоқ дегенді білдірмейді, себебі бұл жылдары қарызға қызмет көрсету бойынша нақты жоспарланған шығындар - 1,4 млрд. теңгеден 4,2 млрд. теңгеге дейін (1,5 млрд. теңгеден 4,3 млрд. теңгеге) несиенің қолдану мерзімі бойынша қарызға қызмет көрсетудің ең жоғарғы сомасынан айтарлықтай төмен, есептеуде алынған - 8,2 млрд. теңге (8,5 млрд. теңге).

